

Өзбекстан Республикасы Халыққа Білім беру Уәзірлігі

Әжінияз атындағы НҰКіс мемлекеттік педагогикалық институты

Филология факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

4 курс студенті

Оспанова Майраның

Бітіру мамандық жұмысы

Тақырып: Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту.

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к. Қ. Аралбаев.

Оқытушы:

Т.Төрткүлбаева

Кафедра меңгерушісі:

Доц.И.Дильманов

Н ө к і с - 2008

Қорғауға ұсынылды

«_____» _____ 2008 жыл

Филология факультеті деканы: _____ доц. К.Ташанов

Кафедра меңгерушісі: _____ доц.И.Дильманов

Гылыми жетекші: _____ ф.ғ.к. Қ. Аралбаев.

Оқытушы: _____ Т.Төрткүлбаева

Оспанова Майраның «Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту »
тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация
қарарымен

_____ % қойылсын.

«_____» _____ 2008 жыл.

МАК бастығы: _____ ф.ғ.к. М..Қалендеров.

МАК бастығы _____ доц. К.Ташанов

орынбасары:

МАК мүшелері: _____ доц. И.Дильманов

ф.ғ.к. Ш.Құдиярова,

аға оқыт.Г.Мамбеткаримов

оқытушы Құттымұратова

оқытушы Бекниязов

Әжінияз атындағы НҰКіс мемлекеттік педагогикалық институты

Кафедра: Қазақ тілі және әдебиеті

Студент: Оспанова Майра

Гылыми басшы: ф.ғ.к. Қ. Аралбаев.
асс. Т.Төрткүлбаева

Оқу жылы: 2007-2008ж.

Бітіру мамандық жұмысының тақырыбы:

«Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту »

Автордың аннотациясы

Тақырыптың көкейтестілігі. Қазіргі күнде әдебиетті оқытуға қойылып отырған жаңа талаптар оқушыларды интеллектуалды жастар қатарына қосуды мақсат етіп отырғаны белгілі.

Осы күнге дейін де мектепте әдебиетті оқытудың жүгі жеңіл болған емес. Оқушылардың ауызша сөйлеу тілін дамыту, жазбаша тіл ұстарту, көркем шығарманың мазмұнын ұғыну тағы-тағылармен бірге шығарманың көркемдік ерекшеліктерін тану мәселесі жұмыстың көкейтестілігі болып саналады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті. Бакалавриат бағытын бітіруші ретінде теориялық мәселелерге ден қоюы болашақ маманды ұштай түсетіндігі белгілі. Ақын-жазушылар шығармашылығының көркемдік әлемін танытудағы пікірлері мен тұжырымдары және мектепте шығарманың көркемдігін ұғындыру мәселелері бакалавриат басқышында бітірушінің бітіру жұмысы үшін жазылатын еңбегімнің мақсаты мен міндеті болмақ.

Жұмыстың объектісі мен предметі. Көркем шығарманың айшықтарын таныту, оны жан-жақты қарастыру мәселесі көкейімізде жүргенімен, оған басқа мәселелерге қарағанда ат салысу бакалавр

мамандығын алатын бітіруші үшін күрделі мәселені туғызады. Дегенмен, бұл саладағы көрнекі ғалымдардың, әдіскер-ұстаздардың еңбектері нар тәуекел жасауымызда түрткі болды.

Зерттеу әдісі, методикасы. Шығарманың көркем айшықтарын талдай отырып, салыстыру әдісі.

Зерттеу жаңалығы. Бұл салада А.Көшімбаевтің, Қ.Бітібаеваның, Қ.Мырзағалиевтердің көркем шығарманы талдау жөнінде ұтымды айтқан пікірлері бар. Әдіскер ұстаз, ғалым Т.Ақшолақов осы саланы қарастырғандардың бірі. Шығарманы талдау, оның айшықтарын таныту жөніндегі соңғы әдістемелік құралы «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» еңбегі.

Зерттеудің практикалық маңызы мен ұсынысы. Ақын-жазушылар шығармашылығының көркем айшықтарын танытудағы мұғалім шеберлігі оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыруда, ой-санасын тереңдетуде, сондай-ақ әдебиетке болған қызығушылығын арттыруға тигізер әсері мен кәмегі ұшан-теңіз.

Орындалған жұмыстың қорытынды түйіндері.

Осы тақырып айналасында қозғалған ой-пікір, әрине, ұшан-теңіз емес. Сонда да көрсетілген әдебиеттердегі ұстанымдарды меңгеруге ұмтылдым. Әдеби шығармалар жанрлық жағынан бір-бірімен өзгешеленіп те ұқсас болып та келеді. Соның үшін алдымен, осы мәселеге орай кейбір ғалым, әдіскер-ұстаздардың пікірлерін келтірдім. Поэзиялық шығармаларды талдау жөнінде белгілі ғалым, әдіскер-ұстаз Тілеутай Ақшолақов еңбегін негізге алдым. Жұмысымыздың өзекті мәселесі болған көркемдік айшықтар прозалық шығармаларда қандай орын алатындығын олардың эстетикалық мәні-мағынасын ұлы жазушы М. Әуезовтің, сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің, Ғ. Мұстафиннің прозалық шығармалары арқылы көрсетуге ұмтылдым. Ірілі-ұсақты прозада психологиялық параллелизм, табиғат мәселесі, кейіпкерлер

жүйесі, ең соңында әрбір кейіпкер бейнесін жасаудағы жазушы шеберлігі мәселеріне көңіл аудардық.

Жұмысымызда ғылыми сараптама жасап жаңалық аштық демейміз. Іздену барысында мектепте әдебиет пәнін оқуде осы мәселенің басын ашатындай дәрежеге жеттік.

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к. Қ. Аралбаев.

Т.Төрткүлбаева.

Орындаған:

Оспанова. М

Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту.

Ж О С П А Р

Автор аннотациясы.

I. К І Р І С П Е

II. Н Е Г І З Г І Б Ө Л І М

А) Поэзиялық шығармаларды талдау

1. Абай өлеңдерінің көркемдік кестелері
2. Бейімбет Майлиннің «Марқымбай» өлеңдеріндегі диалог
3. Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы троп пен фигуралар

Б) Прозалық шығармаларды талдау

1. Бейімбет Майлин – көркемдік детальды қолданудың асқан шебері
2. Мұхтар Әуезовтің прозалық шығармаларының тіл ерекшелігі
3. Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы кейіпкерлердің сомдалу ерекшелігі

III. Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Пайдаланған әдебиеттер

К І Р І С П Е

Қазіргі күнде әдебиетті оқытуға қойылып отырған жаңа талаптар оқушыларды интеллектуалды жастар қатарына қосуды мақсат етіп отырғаны белгілі.

Осы күнге дейін де мектепте әдебиетті оқытудың жүгі жеңіл болған емес. Оқушылардың ауызша сөйлеу тілін дамыту, жазбаша тіл ұстарту, көркем шығарманың мазмұнын ұғыну тағы-тағылармен бірге шығарманың көркемдік ерекшеліктерін тану мәселесі де негізгі жұмыстың бірі саналып келеді.

Көркем шығарманы оқу, мазмұнын ұғыну, оған жоспар құруға қарағанда, соңғы мәселенің жүгі ауырлау. Олай дегеніміз мәтіндегі бейнелі сөздерді табу, оны топтастыру мәселесі оқушыларға, әрине, қиындық туғызады. Ең алдымен шығарманың тақырыбы және идеясын айқындаған соң шығармадағы кейіпкерлер жүйесіне назар аударамыз. Кейіпкерлер бір-бірімен қарым-қатынасын байқататын – сөз. Ал ақын-жазушы қалай болса солай емес, қайта мақсатты пайдаланады. Ойды көріктендіру, шашыратып беру, әсерлі ету, эстетикалық ықпал жасайтын құрал да – сөз.

Оқытудың жаңа технологиясын пайдаланғанның өзінде көптеген мәселелер өзінің шешімін табатындығы сөзсіз. Солай болса да шығарманың көркем айшықтарын таныту күрделі жұмыс болып келеді.

Бұл салада А.Көшімбаевтің, Қ.Бітібаеваның, Қ.Мырзағалиевтердің көркем шығарманы талдау жөнінде ұтымды айтқан пікірлері бар. Әдіскер ұстаз, ғалым Т.Ақшولاқов осы саланы қарастырғандардың бірі. Шығарманы талдау, оның айшықтарын таныту жөніндегі соңғы әдістемелік құралы «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» (Алматы, 1994 жыл)

Жоғарыда аты аталған авторлардың ақын-жазушылар шығармашылығының көркемдік әлемін танытудағы пікірлері мен тұжырымдары және мектепте шығарманың көркемдігі ұғындыру мәселелері бакалавриат басқышында бітірушінің бітіру жұмысы үшін жазылатын еңбегімнің өзекті тақырыбы болды.

Бітіру жұмысымды өзімнің оқыған еңбектерімнің бағыт-бағдарына сай және негізінен Төлеутай Ақшولاқовтың жоғарыда аталған «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» әдістемелік құралын негізге алдым.

Жалпы әдебиет атаулы адам өмірінде елеулі орын алатындығы сөзсіз. Соның үшін көркем әдебиетте адамзаттың ілгері жарық сәулеге, жақсы өмірге ұмтылған ұшқыр қиялы, сол жолдағы күрес-тартысы, ел басынан кешірген қилы-қилы оқиғалар, халықтың өткенімен бүгінгі және келешегі бейнеленбек. Оқырман алдында талай тағдырлар әрқайсысы өзіндік тіршілігімен, қайталанбас мінезімен, өкініш-опығымен, арпалыс-тартысымен тұрмақ. Жазушы талант қуатына қарай әр кейіпкері жұмыр жер пендесіне тән пендешілігімен, адамға тән сын-сипаттарымен, ерлік-ғрлігімен, ой-қыры, биігі мен құлдырауы, жақсылығы мен осалдығы, жауыздық-сұмдығымен, құлық-түлкілігімен, әзіл-қалжыңымен өрнектелмек. Соның бәрі суреткердің ішкі жан толғанысы, жүрек лүпілімен, сезім шынайлығымен іске аспақ. Сондықтан өнер туындысында адамды баурап әкетер, ләззатқа бөлер, жүрек шымырлатар, қуат берер, әсемдікке ынталандырар ерен күш бар. Міне, өнер туындысының танымдық, тәрбиелік мәнін терең бағалайтынымыз содан. Мектепте өтілетін пәндердің ішінде әдебиет сабағы осынысымен ерекшеленеді.

Көркем әдебиеттегі шеберлік пен үйлесімді оқушыларға терең таныту шығарманың әсемдік ерекшеліктеріне талдау жасауға негізделмек.¹ Онсыз әдебиетпен оқушыларға терең де сапалы білім беру қиын. Оқушылардың әдеби білімі олардың көркем шығарманы оқи және оған талдау жасай білуімен айқын байқалады. Әрбір зейінді, зерделі оқушы – әдебиетіміздің болашақ мәдени оқырманы. Ондай қабілет пен пайымдылығы қалыптасқан оқушы әдеби шығармаларға ой жүгірте алады, өзінің талғамын, түйсік-сезімін жеткізе алады, шығарманы жан жүрегімен, зердесімен қабылдайды. Міне, сондықтан да үзіндіні оқу, оның әсемдік әсерлілігіне талдау жасау – басты мәселе. Көркем әдебиетті мектепте, жоғары оқу орындарында оқытудың бұл – кілті, өзегі.

Әдеби білімнің екі жағы – оқу және талдау-өзектес, бірінсіз-бірін жүзеге асыру мүмкін емес.

Көркем шығармаға талдау жасаудың әлі де болса құпия жайлары көп. Әсіресе, қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдістемесінде бұл мәселе әлі талай зерттеулерді талап етеді.

Рас, соңғы кездерде әдебиеттану саласындағы біраз еңбектерде шығарманың эстетикалық табиғатын, көркемдік ажар-бояуларын танытуға ұмтылыс бар. Мұғалімдерге жәрдемі тиер қолғабыс болар ғылыми зерттеулер, сол сияқты әдістемеде де көркем шығармаға талдау жасауға арналған еңбектер жарық көре бастады. Мұның бәрі мектепте әдебиетті оқыту сапасын арттыруға септігін тигізері сөзсіз.

Дегенмен, көркем шығарманы талдау мәселелеріне арналған еңбектер әдебиеттану ғылымында, әсіресе әдістемеде әлі де азшылық.² Мәнісі – мұның толып жатқан қыр-сыры, қиындығы бар. Шығарманың қат-қабат ішкі

¹ Т. Ақшолақов. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы.1994, 4-бет

² Т. Қалдыбаев. Әдебиет сабақтарында тіл ұстарту. Узбекстан. 1999, 7-бет

құрылымы, астарлы, бейнелі көркем ойы, образдар жүйесі, жазушының таланты – осының әрқайсысы бір-бірімен байланысты, бірінен-бірі туындайтын үлкен жүйе.

Ал бейнелер бітіміне тереңдеп енбейінше, шығарманың тұтас дүние екенін, оның көркемдік ерекшеліктерін, жазушы шеберлігін, шығарманың мағына - мазмұнын толық аша алмаймыз. Бұл тақырыпты зерттеудің күрделілігі де міне осында.

Мұғалім өзі көркем шығарманы талдауға қандай әдіс-тәсілді қолданады – оған ерікті. Бірақ қайткен күнде де шығарманың бойындағы тұтастықты бұзбай, образдар жүйесіне сүйене отырып, оның мән-мағына, әсемдік мазмұнын танытып аша алса, сол әдістің бәрі ұғымды болмақ. Шығармадағы мазмұн мен түрді бірлікте алып талдау – кітаптың негізгі өзегі.

Шығарманы тұтас, жүйелі қабылдау – талдау әдісіне байланысты академик М. Б. Храпченко өз еңбектерінде жүйелілік-құрылымдық талдаудың тиімділігін ғылыми жағынан дәлелдейді. Сол сияқты белгілі дидакт Ю. М. Лотман: «Өнердің құрылым диалектикасы мен қызметіне іштей енбейінше, олардың өзара қатынасын біз түсіне алмаймыз», - деген ғылыми байлам айтады.

Жүйелілік – құрылымдық талдау әдісі шығарманы жан-жақты қарастыруды көздейді, тек шығарманың түрін ғана емес, сол түр арқылы бейнеленген әдеби шығарманың мағыналық-әсемдік мазмұнын да ашуды мақсат етеді. Өйткені түрді біз белгілі бір мазмұнды, жазушының эстетикалық мұратын білдіретін көркем айшықтары деп қараймыз.

Көркем әдебиет бейнелері жүйесінен құрылатыны мәлім. Көркем шығарма – бір бүтін дүние. Ал сол бүтін жеке бөлшектерден, штрих-детальдардан құралады. Ендеше бүтінді тану үшін оны құрап тұрған

жекелерді танып болу керек, сол жекелер арқылы үлкен тұлғалар сомдалған. Демек, көркем текст – образдар жиынтығы, ал образдың өзі жеке элементтерден жасалған. Олай болса, бүтін мен бөлшек арасында ажыраспас диалектикалық байланыс бар, олардың бірінсіз бірін түсіну, тану мүмкін емес.³

Мектепте әдебиетті оқыту сапасын жақсарту, оқытудың педагогикалық және көркемдік мәдениетін арттыру әдебиетті зерттеу ғылымының заңдылықтарын, теориясын, әдіс-тәсілдерін көркем шығарманы талдауға білгірлікпен қолдану сабақтас, соған тікелей байланысты.

Көркем әдебиетті, сол сияқты өнер туындысының кез келген саласын философия ғылымының заңдылықтарына, соның әдістемелеріне сүйенбейінше танып білу мүмкін емес. Ол әр бір ғылымның өсу өрісін, даму болашағын айқындайды. Табиғаттану, қоғамтану ғылымдары философиялық ой тұжырымдарынсыз дәрменсіз, онсыз ол құлашын кең жая алмайды, өмір ақиқатына терең бара алмайды.

Әдебиеттану ғылыми философиялық эстетика заңына сүйенеді, сол арқылы көркем туындының заңдылықтарын, идеялық-эстетикалық мән-мазмұнын ашады, сол арқылы соған дұрыс баға бере алады.

Көркем шығарма – ақиқат өмірдің көрінісі. Онда нақтылы өмірдің ізі, сәулесі, шындығы барында көрінеді. Шығарма жазушының бүкіл жан дүниесі ашылады, сүйініш-күйініші көрінеді. «Мені» жоқ суреткер сирек. Ал оның сол «мені» негізсіз емес, өмірден аулақ емес. Ол өзі өмір сүрген кезеңге селқос қарамайды, оған көз жібереді, тереңдейді. Бірақ өмір жайлы өз «менін» айтқанда, ол объективтік дүниеден аулақтанбайды, қайта нақтылы өмір ақиқаттарынан, көрген-білгендерінен көркемдік түйін жасайды. Демек, көркем әдебиеттегі ақиқат тек қиял дүниесінің жемісі емес, оның туған

³ №. Бетібаева. !дебиетте озыту 1дестемесі. Алматы, 1997, 64-65 беттер

топырағы бар, ол – шындық өмір, адам тіршілік еткен нақтылы дүние. Әдебиет зерттеуші белгілі ғалым В. Новиков: «Суреткер өзінің ерекше әлемін жасайды. Ол әлем өз бойына шындықтың барлық қасиетін сыйғызған, ол жарылуға әзір буырқана қайнаған құштарлыққа, қайшылықтарға толы. Оларда қайталанбас бейнесімен сомдалған тірі геройлар әрекет етеді. Оның үстіне, бұл әлем суреткердің жан жарығымен сәулеленген, оның жан сезімімен суарылған және де шындық туралы жай тарихи баяндаудан гөрі әлдақайда жарқын әсер етеді»⁴, - деген ғылыми тұжырым айтады.

Суреткер – белгілі дәуір перзенті. Оның творчествосы сол өмірдің сәулесі, көрінісі. Сондықтан жазушы шығармалары өз дәуірінің әлеуметтік тіршілігімен, арпалысынан оқшау болуы мүмкін емес. Бірде-бір шынайы суреткер өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелеріне үн қоспай, қатыспай араласпай қалмақ емес. Жазушы өмір шындығын селқас суреттемейді, оған өз көзқарасын білдіреді, оның бар-баршасын шығарманың бүкіл құрылымында, бейнеліөрнегінде көрсетеді.

Үлкен суреткер өз қара басының мұның, арманын суреттеуден аулақ. Ол адам тағдарын, қоғам тағдырын жырлайды. Соны шығармаөрнегімен түсіндіруде өз тәжірибесін де арқа сүйейді. Суреткер шығарма жазу үстінде өзі қайғырып, өзі қуанады. Оны бүкіл ой-сезім қуатын, толғанысын сол шығармасына төгеді. Егер суреткер өзі толғанбаса, онда сезім ақиқаты, шынайылығы жоқ, ал сезім шынайылығы жоқ жерде, өнерде эмоциялық әсер шамалы. Белгілі француз жазушысы Жорж Санд Леруа де Шантепильге жазған хатында «Мен осы романға басқа кітаптарымның қайсынан да гөрі өз жүрек лүпілімді көбірек қостым», - дейді.

Ақын Қасым Аманжолов:

⁴ В. Новиков. Художественная правда и диалектика творчество. М., «Советский писатель» 1971

*Өз жүрген жолдарыма келем жазып,
Сырымды, барлық өмірбаянымды...
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасыңҰ
Өлеңім – менің бәбегім
Өзіме тартқан секілді⁵,-*

дейді.

Жазушының өз бейнесін көргіміз келсе, біз оның шығармаларына үңілуіміз керек. Оның өмірі, арман-мүддесі, дүниеге көзқарасы, адамгершілігі сол өзі жазған шығармаларында емес береді. Ол өзінің өмірге деген сүйіспеншілігін де, өмірдегі жексұрындыққа деген жиренішін де шығармасында өрнектеген.

І. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

А) Поэзиялық шығармаларды талдау

ә. Абай өлеңдерінің көркемдік кестелері

Шығарма мазмұнын сол шығарманың бүкіл құрамында қалыптасып шыңдалады, форманың әр элементі, әр айшығы белгілі бір мазмұн иесі, әрқайсысы автор идеясына қызмет етеді, жазушының эстетикалық мұратын ашуға көмектеседі. Шығарманың құрылымы, сюжеттік қалтарыстар, композиция, тіл мәнері, профессор Т. Нұртазин айтқандай, бейтарап нәрсе емес, автордың нысанасына байланысты, бағынышты, соған қызмет істейтін дүниелер.

⁵ Қ. Аманжолов. Тандамалы шығармалар жинағы. І том. Алматы, 1982, 178-бет

Демек, өнер – әлеуметтік, идеялық мәселе мен көркем форма екі бөлек емес, бір тұтас дүние. Мысалы, ұлы Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің мазмұны да сол өлеңнің формасынсыз өмірге келмек емес, өмір сүре алмақ емес. Ал егер Абай сол ойын екінші бір қалыпта берсе, онда ол «Сегіз аяқ» емес, басқа туынды болар еді, олай болса көркем шығармада мазмұн мен форма, мазмұн мен бейнелілік, ой мен сезім, идея мен көркемділік біте жаралған, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын, бірінсіз бірі тануға болмайтын дүние деп қарауымыз керек.

Эстетикалық мұрат тек басты образдарда ғана емес, шығарманың әрбір кішігірім элементтері арқылы беріледі.⁶ Жазушы оны пейзажда, кейіпкердің бір-бірімен арақатысында сол сияқты шығарманың жеке-жеке элементтерінде бейнелейді.

Абай «Болыс болдым мінеки» деген өлеңінде жексұрын, сұм болыс мінезін беру арқылы өзінің эстетикалық мұратын тамаша аңғартқан. Әкім – болыстың жағымсыз ерсі мінез-әрекеттерін көрсеткенде, Абайдың қандай әкімді аңсайтыны көз алдыға келеді.

Абай адамның сан алуан мінезін бере білген. Ол – ғажайып психолог. Сан алуан мінездерін бейнелеу арқылы ақын өзінің эстетикалық арманын білдірген.

Олай болса, көркем туындының тек сыртқы формасына, айшық-бояуына, кестеленуіне, өрнектеуіне қарап, оны көркем туынды деуге болмайды, сол сияқты формасы әлсіз, жалаң ойлы шығармада көркем туынды бола алмайды.

Тәжіктің тамаша ақыны М. Тұрсын-зада:

Жылусыз жырда құн бар ма

⁶ С. Садырбаев. Фольклор және эстетика. Алматы, 1976, 6-бет

Қыздырмайды жаныңды...
Жылусыз жерде тірлік жоқ.
Гүл қауызын жарар бар маҰ-

деп поэзия табиғатын тамаша аңғартады.

Әр шығарма, әр өнер туындысы бір тарихи кезеңде туған. Мәселен, Махамбеттің поэтикалық шығармаларының идеялық-эстетикалық мәнін XIX ғасырдың 30-жылларындағы саяси-әлеуметтік жағдаймен, шаруалар көтерілісімен байланыстырмайынша түсіне алмаймыз. Сол сияқты, ұлы Абай поэзиясын XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік, тарихи өзгерістермен өзектестірмейінше тани алмаймыз.

С. Мұқановтің «Ботагөз» романының да идеялық-эстетикалық мәні XX ғасырдың басындағы қазақ өмірінің әлеуметтік тіршілігіне байланыстырылғанда ғана айқындалады.⁷

Шығармаға талдау жасағанда, ондағы көркем элементтерді бүтіннің бөлім-бөлшегі ретінде қарастыру керек. Бүтін мен бөлшектің арасындағы диалектикалық бірлікті үнемі сақтаған орынды.

Табиғаттану саласындағы ғалымдардың әлем кеңістігінің, материяның микроқұрылымына енгеніндей, біз де өзіміздің талдауларымызда көркем шығарманың микроқұрылымына батыл енуіміз керек.

Бұл – көркем шығарманың бітіміндегі жаңа сапаларды ашуға қажетті кілт.

Жазушы Шерхан Мұртаза «Қара маржан» романында ішкілік жолына салынып, азып-тозған жанның келбетін мына бір штрихтар арқылы келістіре

⁷ Сманов Б. Ботагөз романын оқыту. Алматы 2003, 14-бет

өрнектеген: *«Ә дегенде бет біткеннің сұлуы көрінген. Әділдің тұр-әлпеті енді аруақтай. :стінде кір-кір жаман шолақ пальто. Сақалы ұйна-тұйна боп әсіп кеткен. Бұрынғы сұлу мұрты салбырап аузын кәміп тұр. Көзінің алды кәлкілдек. Беті мыж-мыж, ісінген. Жаман тымақтың астынан сабалақ шашы көрінеді. Әбден уланып, адамдық бейнеден жұрдай болған, көз алды кәлкілдек, беті...ісінген»⁸ жаннан безгендейсің. Оның сол адам ашыр сұрқын көргенде, бір кезде өзіне адал жар болар деп қосылған Мәрия: «Апыр-ай, мен осының құшағында жаттым-ау. Өңім бе, түсім бе»,-деп әкінеді. Міне, осындай штрих-детальдарды тауып, шәкірттерге жеткізе білсек, олар жексұрын әдеттен бойын аулақ салар еді, әрі жазушының қаламгерлігіне де тереңдер еді. Осындай кішігірім штрих-детальдардың өзіне жазушы көп өнеге аларлық ой сыйғызған.*

Штрих-детальды ойнатуда Ғабит Мүсірепов үлкен шеберлік танытады. «Боранды түнде» деген әңгімесінде жазушы Қайсардың шешесі Бәден апайдың мінезіндегі ерекшелікті төмендегі штрих арқылы әдемі берген.

«Күрең тәбел мен «Кәк дауылдан» қасқыр құтылған емесӘ «Кәк дауылға» түлкі деген не тәйірі, тышқан зой әншейінӘ - деп бір қояр еді. -Ақ құйрығы болмаса, өзгесі адыра қалсын, шай емесӘ – деп тағы бір беткейге серпіп кетер еді. -Қайсаржан-ау, балаларға беріп отыратын кәмпит-сәмпитің азайып қалды, қалаға соқсаң тағы бір дорбасын ала келші – деп мырзалық қиясынан бір атай беріп жіберер еді».

Осы жолдарда Бәден апайдың мінезі жарқ ете көрінеді. Өмірде көрген таныс адамымыз. Суреткер оны көз алдымызға әкеледі.

⁸ Мұртаза Ш. Қара маржан.

Көркем әдебиет шығармаларының идеялық-эстетикалық мәні көркем айшықтарынан көрінеді. Шығармадағы идеология мен технологияның бірлігін, шығарманың идеялық-көркемдік күрделі құрылымын тани, аша білу әдебиеттану ғылымының жетекші концепциясының әдістемелілік жақтарын, жалпы әдебиет теориясын терең білуге байланысты. Онсыз шығарманың ішкі құрылымына ене алмақ емеспіз. Онсыз шығарманы жан-жақты талдай алмақ емеспіз. Әдебиет жайындағы ғылым негізін білу – эстетикалық талдау жасаудың кілті, негізі.

Көркем шығарманың кішкентай клеткасы – сөз. Шығарма шаңырағы сол арқылы көтеріледі. Жіптен кілем тоқыған шебер сияқты, кірпіштен зәулім сарай тұрғызған сәулетшідей әр түрлі бояуды үндестіре пайдаланып, сурет салған қылқалам шеберіндей, гипстен монументке ескерткіш тұрғызған мүсіншідей, сан алуан әуен-саздарды үндестіріп, тұтас бір музыкалық туынды шығарған композитордай жазушы да сөзді кәдеге жаратып, көркем туынды түндігін көтереді. Сол сөз образы бейнелі сөйлем құрылымына апарады, ал сөйлемдерден барып белгілі бір оқиғаны құрастырады, ситуация жасайды, сол оқиғалар бір-бірінен өрістей барып, шығарманың тұтас бітімін құрайды, осы өрілімдер, оқиғалар өрісінде адам бейнесі жасалады, олардың характерлері қалыптасады, шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұны ашылады. Қалыпты сөздер шығарманың көркем құрылымына ену арқылы бір-бірімен іштей кірігіп, эстетикалық қарым-қатынасқа түсу арқылы өнер әлемін туғызады.

Эстетикалық қатынасқа енген сөздер алуандаған бейнелі мағынаға ие, оның әр клеткасы әр түрлі әуен шертеді, әр түрлі бояумен, мән-көркімен жалт етеді. Сөздің осы ішкі формасының сырына терең барып, соның

күдіретін аша білуден, оны кәдесіне жарата білуден жазушы шеберлігі байқалады.

Көркем шығармадағы негізгі айшық – адам образы. Жазушы өз шығармасында талай адамдарды сахнаға шығарады. Сол образдар бір-бірімен байланысқан, бірінсіз бірінің «мені» толық ашылмайды. Мысалы, «Оянған өлке»дегі Жұмансыз Игілік, Игіліксіз Ушаков, Ушаковсыз Игілік бейнелері толық бой көрсете алмайды. Олай болса, шығармадағы образдарды бір-бірімен байланыста қарастырмасақ, біз кейіпкер мінезін әр жақты аша алмаймыз, ал кейіпкер мінезі ашылмаса, шығарманың арманды мұраты да ашылмайды.

Жоғарыдағы мысалдармен шығарманың идеялық-эстетикалық мәнін, жазушы стилін сол шығарманың құрамды бөлік-бөлшектерін көркем құрылымынсыз танып біле алмайтынымыз айқын болса керек. Ендеше шығарманың көркем айшығын танытып үйрету ой мен өнерді, жазушының даралық стилін, шеберлігін танытуға апарар, ғылыми жағынан болсын, әдістемелік жағынан болсын, бірден-бір ұтымды жол деп білуіміз керек.

Қазіргі әдістеме көркем шығармаға талдау жасаудың төрт түрлі әдісін: образ бойынша, тақырыптық, проблемалы, тұтас талдау әдістемесін ұсынады. Демек, талдау әдістерін түрлендіру арқылы шығарманың мазмұнын да, эстетикалық табиғатын да терең ашуға болады.

Образ бойынша талдау – ежелден келе жатқан дәстүрлі әдіс. Ол мектеп іс-тәжірибесінде көптен қолданылып келеді, қолданыла да береді. Мұның ұтымды жағы – бұлай талдауда оқушылар назары адам образына аударылады, оның бойындағы адамгершілік қасиеттерді ашуға талпыныс жасалады. Оқушыларды кейіпкердің жақсы мінезіне сүйсіндіріп, ерсі қылықтарынан аулақтатады. Шығармалардағы кейіпкерлер оқшау емес,

жазушы оларды шығармалардағы басқа кейіпкерлермен қарым-қатынаста алып қарастырған. Бірінсіз-бірін терең танып білу мүмкін емес. Жазушы өз кейіпкерлерін шығармадағы шытырман оқиғалар, көркемдік-тартыс үстінде көрсетеді, мінез-қылығын сол арқылы ашады. Мысалы, «Абай» эпопеясындағы кейіпкерлерді төмендегідей жүйеде алып қарастыруға болады:

1. Абай мен Құнанбай
2. Абай және оның тәңірегі
3. Тоғжан мен Абай
4. Абай мен Әйгерім
5. Абай мен оның орыс достары
6. Абай мен Дәрмен
7. Біржан мен Абай
8. Жастар және Абай
9. Абай және Базаралы
10. Абай және орыс әкімдері
11. Абай және Тәкежан
12. Кейікер және табиғат.⁹

Шығармадағы кейіпкерлерді осылай образдар жүйесінде, оларды бір-бірімен байланыс, қақтығыс-тартыс, шиеленіс үстінде қарастырылса, кейіпкерлер бойындағы қасиет-сапалар әр жақты ашылады.

Шығарма талдаудағы екінші бір тиімді, прогресшіл әдіс – проблемалы талдау әдісі. Шығармада шытырман, қым-қиғаш оқиға бар. Толып жатқан проблема, талай қайшылық, талас туғызар жайттар бар.

⁹ Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы, 22-23 бет

Проблемалы талдаудың түп төркіні проблемалы оқытуда жатыр. Ол оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, білімді ой жүгіртіп, зердемен қабылдауға, оқу материалына терең бойлауға көмектеседі.

Тұтас талдау әдісі – әдістемелерде қолданылып жүрген ғнімді әдістердің бірі. Мұнда талдау шығарманың сюжеттік желісіне орай құрылады, тарау-тарау бойынша, шығармадағы оқиғалардың ғрбуі бойынша жүргізіледі.

Тақырыптық талдауды оқыту процесінде пайдалану – бұл да ұтымды әдістердің бірі. Батырлар жырындағы әйелдер образын оқыту үстінде жеке-жеке алып талданған. Мысалы, «Құртқа образы», «Қаракөзайым образы», «Маман образы» деп талданған. Армиянның талантты ақыны Паруйр Севак «Поэзия ешқашан да уақ-түйектен тұмақ емес»¹⁰ дейді. Ақын өзінің әдебиетші А. Аристакасянның: «Бір жазушының екінші бір жазушыдан айырмашылығы неде, оны дара ететін неҰ» деген сұрағына: «Бұл – оп-оңай нәрсе. «не» мен «қалай» дегеннің арасындағы үндестік – ақынды дара ететін сол» дейді.

Поэзияда не бар, қалай бар, сол сияқты үшінші бір нәрсе бар, дәлірек айтсақ, бейнелі ой бар. Ақынның не деп отырғаны – шығарманың мазмұны да, ал қалай деп отырғаны оның формасы. Поэзиялық шығармалардағы осы үндестікті аша білуіміз керек. Сондағы осы мазмұн мен форма арасындағы үндестікті шәкірттерге қалай танытқан жөн, оны қалай ашу керек, бұл әдістеме саласындағы үлкен проблема.

Шығармадағы мазмұнды, форманы таныту жолдары алуан түрлі. Ол шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне қарай түрленіп отырады. Ал соның бәрінде есте ұстайтын нәрсе – шығармадағы ой мен өрнек тұтастығын естен

¹⁰ «Литературная газета», 1972, №6

шығармау. Мазмұнын бір бөлек, формасын бір бөлек таныту керек. Ұлы Абай: «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей», «Жұртым-ай шалқақтамай сөзге түсін, ойланышы сыртын қойып, сөздің ішін» деген жолдар арқылы өлеңнің күрделі ішкі құрылымына, стильдік ішкі бітіміне үңілуді үндейді. Абай өз туындысында осы биік эстетикалық позициясын биік ұстаған. Осы ойымыздың ақынның қайсыбір өлеңдерін талдау үстінде дәлелдеп көрелік. Абайдың «Әбдірахман өліміне» деген өлеңі көпке мәлім. Сол өлеңдегі:

*Ұзақ өмір не берер,
Көрген, білген болмаса.
Жатқан надан не болар,
Көңілге сәуле толмаса,¹¹ -*

деген жолдарда үлкен философиялық-эстетикалық ой барына тірі пенде дау айта алмаса керек. Ал сол терең ой түйсігін ақын бүкіл өлең құрылымына қалай ашып берген екен?

Өлеңдегі не берер, не білер, болмаса, толмаса деген ұйқас өз алдына. Әрине, ұйқас – өлеңнің басты айшығы. Өлеңнің өлеңдегі поэзияның поэзиялығы да оның осы бір айшығында. Ал, бірақ бұлар жалаң ұйқас емес, өлеңнің ішкі мазмұнымен туыстық тапқан ұйқастар. Өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұйқас, дыбыстас есітілуі ұйқас деп аталады. Ұйқас – өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе. Поэтикалық синтаксистегі айшықтың мәні

¹¹ А. Құнанбаев. Шығармалар жинағы. I том, Алматы

қандай болса, өлең сөздегі ұйқастың мәні де сондай. Ұйқастың мәні әсіресе силлабикалық өлең үшін орасан зор.

Абайдың «Ұзақ өмір не берер» деген өлең шумағындағы бейнелі ой өлеңнің басқа шумақтарындағы бейнелі оймен іштей өзектес. «Ұзақ өмір не берер» деп басталатын шумақ «Жиырма жеті жасында Әбдірахман көз жұмды» деген шумақпен етене. Әбдірахман не бары жиырма жеті жыл өмір сүрді. Ал сол өмірінің ішінде ол көп білді, көп көрді. Абай баласының сол ғибратты өмірінен жоғарыдағыдай терең түйін жасайды. Оның бойындағы асыл, адамгершілік қасиеттер, оның білгір-білімдарлығы көпке үлгі. «Құйрықты жұлдыз секілді көп тұрмаған» Әбдірахман:

Ғылым оқып білгенше,

Тыным, тыныштық таппаған.

Дүниені көріп кезгенше

*Рақат іздеп жатпаған...*¹²

Ол Қырым, Кавказ, Түркістан, Ресей, Сібірді аралайды, хабарланып, әр тұсты көрмей, дамыл алмайды. Осы білу, көру арқылы ол аз өмірін ұзартқан, жасқа жас болса, ойға кәрі болған.

Абай «ғылымға бойы толған, көргені мен білгені жүзге келген шалдан көп» перзентінен айрылып, қан жұтады. Әбдірахман өз білімімен, жақсы мінез-құлқымен ел қадіріне бөленеді, сондықтан оның қазасына көрген, білген ғкінді. Өйткені, ол Абайдың ғана баласы емес, ел баласы еді.

Ақын өзі айтқандай, ол жаңа жылдың басы еді. Халқының ертеңгі көшін ілгері бастар сол сияқты жастар еді. Халқы үшін қабырғасы қайысқан,

¹² А. Құнанбаев. Шығармалар жинағы. I том

үнемі соның жарқын болашағын ойлаған Абай үшін, оның туған елі үшін Әбдірахман қазасы өкініш.

Ақын қан жұтып отырса да,өзінің болашақ арманына берік. Әбдірахман бойындағы осы білімділік, арлылық, парасаттылық, талаптылық, тынымсыз ізденгіштік қасиетті ақын басқаға өнеге етеді.

Парасатшыл Абай өз елі өмірінде де аз өмір сүрсе де, артына ғшпес мұра қалдырған өнерлілердің көбін білген. Сол сияқты қыршын жасында дүние салған, бірақ өз халқына ғана емес, бүкіл адамзат үшін рухани мол мұра қалдырған, есімі ел қадірлісі болған Пушкин, Лермонтовтардың өміріне де қанық. Абай аз өмірде адамшылдықтың қарызы үшін еңбек ету керек екенін терең түсінеді. Сондықтан аз өмірін ұзартар жастарды армандады. Абайдың бұл өлеңі оның бүкіл ғркені ағартушылық адамгершілік тақырыбына жазған өлеңдерімен тамырлас, бірақ соны әрі қарай тереңдете түскен – философиялық үлкен ой түйінін жасаған классикалық шығарма.

Абай қайғысында шек жоқ. Ол өзінің сол қайғысын осы өлеңінде ғаламат айтып берген:

*Көзге қамшы тигендей,
Шыр айналды артқы жас
Замана неткен тар еді
Сол қалқамды қоймаған,¹³*

деп заманға налиды. Бірақ кемеңгер Абай:

Тағдырға тәбділ бола ма,

¹³ А. Құнанбаев, Шығармалар жинағы, I том, Алматы

Сабырлық қылсақ керек-ті,-

деп өзіне-өзі жұбаныш, тоқтау айтады. Ақын тек өз қайғысын ғана жырлау, өз зарын айту тәңірегінде қалмаған. Егер ақын өз қайғысын күйттеп қана қойса, онда ол Абай бола алмас еді. Онда ақынның бұл өлеңі мұндай әлеуметтік, философиялық, эстетикалық биікке көтеріле алмас еді. Абай күдіреті өзі сезімін, өз қайғысын елінің арман-мүддесімен өзінің болашаққа үміт артқан мұрат-нысанасымен тағдырластырды. Сондықтан өлеңнің оптимистік қуаты мол.

Абайдың осы өлеңдегі элементтердің жымдасқаны соншалық, бірінен-бірін ажырата алмайсыз, бір сөзін де өзгерте алмайсыз. Оған бір мысал келтірейік:

*Жиырма жеті жасында,
Әбдірахман көз жұмды.*

Алдыңғы жолдағы *жиырма жеті жасында* деген сөздердің біреуінде қозғай алмайсыз, себебі ол Әбдірахманның нақты жасы. Ал *көз жұмды* деген тіркес орнына басқа бір тіркес алуға болмайды. Онда, біріншіден, өлең саздылығына ақау келеді, *жұмды* деген сөз *жиырма жеті жасында* деген сөздермен үндесіп, ақынның жан азасын білдіріп тұр. Оның орнына опат болды, қаза болды десеңіз, өлең саздылығы бәсеңдейді, ұйқасы бұзылады. Екіншіден, Абай – әкенің Әбдірахманы ғлді, қаза болды, опат болды деген сөзге бірден аузы бара алар ма? Асыл перзентін, ертеңінен мол үміт күттірген, өз арманының жалғасы Әбдірахманын ғлді деп кесіп айтуға дәті шыдар ма? Оның үстіне Абай көргені мен білгені, жүзге келген шалдан көп

Әбдірахман секілді жан ғлмек емес, ол тек көз жұмды, оның артында көпке өнеге болар үлгісі, жазған хаты қалды деп отыр емес пе?

Сөйтіп ақын бір *көз жұмды* сөзіне соншама үлкен эстетикалық жүк артқан. Осы өлеңге арқау болған - Әбдірахман қазасы. Ақын соны айтып беру үшін қандай өрнектер тапқан, шығарма композициясын іздестірген. Сол детальдар арқылы шығарманың философиялық-эстетикалық мазмұнын тереңдеткен.

Өлең жолдарында, әсіресе, шынайы поэзияда қат-қабат ойлар, терең сырлар бар. Бір оқып шыққанда олардың сол қаптарларына тереңдей алмайсың. тек бір емес, бірнеше рет қайталап оқығанда ғана ішіне бойлай ене аласың. Шынайы өлең әр оқыған сайын жаңа бір қырларынан көрінеді.

Ұлы Абайдың өлеңдерін оқыған сайын жаңа бір дүние ашқандай болатының да содан. Ақынның «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңдегі мына жолдарға көңіл қоялық:

Біреуі – кәк балдырған, бірі – құрай,

Бір жерге қосыла ма қыс пен жаз.¹⁴

Абай сөздерден өріп керемет поэтикалық өрнек жасаған да, өзінің эстетикалық мұратын барынша жеткізе алған. Осындағы сөздерді ақын өз ойын айту үшін талғап, таңдап ала білген.

Ақынның «*Екі көңіл арасы – жылшылық жер*» деген жолдарда да табылған әдемі өрнек. Абай күншілік, апталық жер демейді. Неге? Өйткені бұлар екі көңіл арасындағы көш қашықтықты барынша жеткізе алмас еді. Ал жылшылық жер түйемен көшіп, түйемен қонып жүрген қазақ тіршілігінде ол кезде мойны ұзақ, жеткізбес алыс дүние. Ақын жас пен кәрі арасындағы

¹⁴ А. Құнанбаев. Шығармалар жинағы, I том, Алматы

алшақтықты бар жүрегімен сездіретін поэтикалық балама тапқан. Абай карама-қарсы, кереғар ұғымдардағы сөздерді шендестіре қолдану арқылы көп ұтқан. Бұл әдіс арқылы қыз трагедиясын тереңдеткен, замана әділетсіздігін көрсеткен, өзінің эстетикалық мұратын терең бейнелеген.

Абай етістіктің көсемше түрін асқан зергерлікпен ақындық кәдесіне жарата білген. Ақын солар арқылы сурет жасаған, адам портретін берген. Абай етістіктерді тек қимылды білдіру үшін ғана емес, адамның жан толғанысын, ішкі жан арпалысын, сезім күйін, заттың, құбылыстың болмысын бейнелеу үшін қолданған. Мысалы, Абайдың мына жолдарын алалық:

*Қызарып-сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі...
Дем алыс ілініп,
Сауғасы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып,
Аяңдап ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын,
Көңілмен танысып.
Жүрегі елжіреп,
Буындар босанып,
Рақатпен әлсіреп,*

Ақын көсемше етістікпен керемет өрнек жасаған. Мұнда адам портреті де, оның сезім күйлері де, жүрек лүпілі де бар. Ақын «қызарып, сұрланып», бойларын ыстық сүйіспеншілік билеген, «үндемей сүйісіп мас», жастық сезімі құшағында екі жастың тап сол сәттегі жүрек соғысын, тынысын, бейнесін керемет берген.

Абайдың Әбдірахман ауырып жатқанда от жүрегі елжіреп жазған мына бір өлең жолына үңілсек:

*Жүрегім суылдап,
Сүйегім шымырлап,
Аладан тілеймін
Құпия сыбырлап...-*

деген жолдардағы көсемше етістіктен берілген бейнелі сөз оралымдарынан ата жүрегінің суылы, күйзелісі, үрейі, тілеуі, үміті суреттелген, «бір суып, бір ысыған» әкенің жан азабы, қайғысы, көңіл күйі өте шеберлікпен өрнектелген.

Ал Абайдың:

*Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап,
Даланы жым-жырт дел-сал ғып
Түн басады салбырап...-*

деген жолдарында динамикалық күш-қуаттан гөрі заттық, болмыстың бір мезеттегі, бір сәттегі қалпын білу басым. Ақын маужырап ұйқыға кеткен тау мен жым-жырт тіршіліктегі дала кейпін әсем суреттеген. Оларды жанды

¹⁵ Сонда

кейіпте алып бейнелеген. Не болмаса: «Әсемсіп, сәнсіп, білгенсіп, бәлсіп» («Көкбайға») деген жолдарда да болыс бейнесі қапысыз емес береді.

Демек, шынайы зергер сөз атаулының бәрінен тамаша өрнек, сурет сала біледі. Орнын тауып қолдана білуде екен.

ғ. Бейімбет Майлиннің «Мырқымбай» өлеңдеріндегі диалог

Ақын Бейімбет әкелген өрнектер мол. Оның «Мырқымбай» деген өлеңі түгелдей диалогқа құрылған. Ал осы өлеңінде ақын қандай шеберлік танытқан? Әке мен бала. Екі адам – екеуінің дүниеге көзқарасы екі түрлі. Екі адам – екі түрлі мінез. Бейімбет соны шығармасында келістіре бейнелеген. Әкесі:

Мырқымбай! Мырқымбай! Мырқымбай!

Бай, бай, бай, бай!

Жүрмейсің жәй.

Нең бар еді ?..

Әй, құдай-ай!

Осы бір шумақта шал мінезінің біраз жағы ашылып қалады. Бай-байшыл, құдайға мінажатшыл, әкімге бас иіп, жалтақ боп өмір кешкен жан екенін аңғарамыз. Құлшылықпен жүру оның өмір заңы боп қалған.

Ол неге байбалам салады, неге баласына ойбай салады ?

Ауылнайды боқтапсың,

Шаршап зорға тоқтапсың.

Несиеден қорқып,

Сары атты сатпапсың.

Бай, бай, бай, бай!

Жарым ес-ай!

Құның ба еді.

Бір шолақ тай?!

Шалдың «бай-байының», «ойбайының» сыры енді ашылды. Өмірі әкімге-әміршіге, жуанға бас иіп, тізе бүгіп үйренген шалға бала мінезі барынша оғаш көрінген.

Ауылнайға тіл тигізу – шал үшін естімеген, көрмеген сұмдық. «Атқа мінген» ол шалдың күлін кәкке ұшыруы мүмкін.

Енді өшікті,

Боқтауыңды есітті,

Шауып алудан тойынбас,-

Түріп қойып есікті...

Ауылнай сырына қанық, оның озбыр, қатал, содыр, сойқан мінезі өзіне мәлім шал «алдағаны ойламаған», «жынды» баласына «тілін алмағаны үшін» ойбайлайды.

Баласы әкесінің дегеніне кәнгісі келмейді, ауылнайдың ығына түскісі келмейді. Оның әділетсіздігіне өр жаны шыдар емес.

Әке-ау, мұның нең?

Ауылнай құдай ма еді?

Әкімді құдай деп,

Шұлғимыз да отырамыз ба?

Мұнан Мырқымбай мінезін аңғару қиын емес. Әкесі өмір бойы әкімді құдай деп, оған бас шұлғуға үйренсе, Мырқымбай онан аулақ, ол әкім кәрінен қорықпайды, бір беткей, турашыл баласы озбырға бас игісі келмейді.

Демек, әке мен бала мінезі екі бөлек. Бірі ескінің соңы, бірі жаңаның басы. Бала жаңа заман лебін сезеді.

Келесі диалогтарда да шал мен бала мінездерін онан әрі қарай ашыла береді. «*Әкімді құдай деп, шұлғимыз да отырамыз ба*» деген баласының сөзіне терісіне сыймай кеткен әке:

-Кет, ит, кет!..

Жатыры оңбаған!

Қайдан тартайын деп ең, сен маған?!

Нағашың Ыбырай зой,

Қарысудан танбаған...

Бар, шақырып кел!

Сары атты бер!

Қол қусырып, аяғына жығылсаң,

Ашуын тастадым дер!

Сол баяғы үрей, қол қусырып, аяғына жығылу, ауылнай қаһары жатса ұйқысын, тұрса күлкісін келтірер емес. Сондықтан баласын байбалам салумен, ақырып зекірумен кәндіріп, ауылнайға мойын сұндырмақ, сөйтіп, «жан алар» ауылнай ашуын баспақ. бірақ оған көнер Мырқымбай жоқ.

-Бара алмаймын,

Оған пенде бола алмаймын!

Тентіретін жіберсең де,

Бұл тіліңді ала алмаймын!

Әкеде енді дәрмен жоқ. Ауылнайға – құл, пенде. «Шауып алудан тайынбас» ауылнай оған тәңірдей, жан алардай көрінеді. Ал, кәндірем, айтқаныма жүргізем бе деген бала түрі мынау. Әкеге кесіп айтты. Ауылнай мен әке түгіл, тәңіріңе де бас иер оның түрі жоқ. Енді шалдың баласын қарғап, сілеп, бай-байлаудан басқа еш нәрсесі қалмаған. Бейімбет диалог арқылы адам мінезін ашудың шебер үлгісін танытқан. Әке мен бала сөзін салыстырсақ, әрқайсысының мінезіндегі ерекшелікті барынша аңғарамыз. Әкесінің сөзі сорлылықты, мүсәпірлікті, діндарлықты, намыс иесі өрлікті білдіреді, оның сөзінде жалпақтау, жалтақтау жоқ. Әділетсіз әкімге бас иер жан емес.

Екінші бір жай, әке жалғыз баласын әкім-ауылнай қағарынан ыққандықтан қарғап сілейді. Ыза үстінде *«қу бас болған көп артық»*, *«кет, ит кет!»*, *«жынды»* деп күйінеді. Ең ауыр сөзі осы. Бұған да ауылнай кәрінен, сесінен, үрейі кеткендіктен барып отыр. Әйтпесе сөз төркініне терең көз жіберсек, баласын қимау да бар. Амалсыздың шарасынан, баласының бетін қайтармақ, бері қаратпақ боп байбалам салып, ұрысады.

Бейімбет Майлин жылтыр сөзге әуес емес. Өлеңнен бірде-бір метафоралық сөз қолданысты ұшыратпаймыз. Күнделікті халық арасында қолданып жүрген кәнікті сөздер.

3. Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы троп пен фигуралар

Мен І.Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын қазақ топырағындағы үздік көркем туынды деп тек ойына қарап емес, өрнегіне қарап айтамын, ал

сол ой мен өрнек поэмада іштей тұтас бітім таба алған ба? Мен бұл талдауды осы мәселелерге арнадым.

Бұл поэмада қазақ өмірінің әлеуметтік тіршілігі, тартыс-күресі, әдет-ғұрпы, салт-санасы жауыздық иелерінің қаскөйлігі, заманынан өгейлік көрген ақын трагедиясы терең философиялық-эстетикалық түйін тапқан. Соның бәрі өнерөрнегі, ақын мүсіншілдігі арқылы биікке көтерілген.

Ілиястың «Құлагер» поэмасы өзінің тақырыбы, көтерген проблемасы жағынан қазақ топырағындағы тың туынды.

XX ғасырдың басындағы М. Сералин, С. Торайғыров шығармаларында да, сол сияқты Ілиястан бұрынғы поэзиялық туындыларда да, өнерді арнайы тақырып еткен шығармалар болған емес. Ал қазақ топырағына өнер туын көтерген алғашқы туындылар Ілияс қаламынан шықты. Соның ішінде ең биігі- «Құлагер» поэмасы.

Ілиястың өнер адамын көрсетудегі үздік үлгі өнегесі, суреткерлігі кейінгі ақын-жазушыларымыздың творчестволарына әсерін де тигізбей қойған жоқ. Әбділда Тәжібаевтың «Абылы», Қ. Бекхожинның «Ақсақ құланы», Х. Ерғалиевтің «Құрманғазы»сы, М. Әлімбаевтың «Естай Қобланы» осыдан кейін дүниеге келген туындылар.

Поэма бірнеше тараудан тұрады. Солардың бәрінің арқауы – Ақан. Поэманың бүкіл бөлім-бөлшектерінің басын біріктіріп тұрған сол. :здік өнер иесінің трагедиясын көрсету үшін ақын сан алуан шытырман оқиғаларды іріктеп алған. Негізінен, Ақан тағдырын, оның қайғылы өмірін, ортасынан көрген өгейлігін, оның пәктікті, әділеттікті аңсаған арманын, өнер, өміршеңдігін паш етуге арналған. Бүкіл шығарма арқауы, бейнелі құрылымы осы мұратқа бағындырылған.

«Құлагер» поэмасын ақынның сәйгүлікті тұлпарының өліміне арнап жазған сияқты. Ақын Ілияс өзі де:

Әңгіме Ақан емес, Құлагер ғой,

Осынан бастамақшы ек сөздің басын-

деп шығармаға өзек болған Құлагер тағдыры дегенге меңзегендей.

Демек, Ілияс поэма атын «Құлагер» деп қойып, оған Құлагер оқиғасын арқау еткенде, «Сортаң тұздай», «шалдуар сыншыға» із тастайды, екіншіден, бір оқиға үстінде Ақан трагедиясын терең ашуды мұрат етеді.

Ілиястың эстетикалық мұраты – Ақан тағдыры. Поэманың ішіне терең үңілсек, оны айқын аңғарамыз.

Ілияс арманы – өмірден сұлулықты, үйлесімді, әсемдікті, әділеттікті аңсаған ақын әлемі, заманына сыймаған, мал, даңқ дүниесіне, озбырлық дүниесіне табынған «теріс азуларға», «қылмысқа, қиянатқа» үн көтерген, ғткір үн қатқан ақын әлемі. Ілияс Ақан трагедиясы арқылы әділетсіз замана кескінін көрсеткен. Ақын «Құлагер» поэмасы арқылы беймезгіл заманада опық жеп, ғксіп ғткен арманшыл да ғршіл, сезгір де нәзік «ортасын олқы көрген», «еріксіз ерте туған ел еркесі», «жылан өмір жанын шаққан», «қара күш пен қаңқу сөздер», «жүрегін жерге кәмген» ақын трагедиясын жырлаған, елінің қасіретті ғткенін, ғшпес абзал өнерін, жақсылыққа ұмтылған арманын бейнелеген. Поэма «Ас» тарауынан басталып ғрбиді. Сағынай асы үстінде ақын Ақан өмір сүрген кезеңді, ол өмір кешкен ортаны, қазақ ауылының әлеуметтік шындығын көрсеткен. Бұл асқа елдің қасқа мен жайсаңдары түгел жиналған.

Ілияс Сағынайды поэмада феодалдық заманның «нәні», «айданы», «дәуі» ретінде көрсетеді.

Сағынай асына жиналғандар оның аруағы үшін емес, әрқайсысы өз абырой-даңқын шығармақ, дәулет-салтанатын көрсетпек, бақ-дәрежесін үш жүзге мәлім еткелі ағылып келгендігін көрсетеді. Ақын байын да, болысын да, биін де, алып сатар саудагерін де, ояз-старшынын да, сөзін сатқан жарамсақ ақынын да, жемтікшіл кейбір молдасын да, - демек, сол қауымның «күшігенін, қарғасы мен құзғынын» түгел кейіптеген. Ақ патшаның қазақ даласындағы оң көзі – ояз бен жасауыл. Осы тойға олар да келген. Ақын:

Оязы Қарағткелдің Измаилов

Бір үйде ләйліп отыр ішін арақ,-

деген жолдарында оның жиренішті бейнесін алға тартады.

Ақын Арқаның қос жүйрігі – өнер жүйрігі Ақан мен Кғкшетаудың дүлділі Құлагердің келгенін жаршы хабарлағанда, жұрт құлағы түріле қалады. Осы ас үстінде барлығы да өз бағын сынамақ. Әрқайсысы өз жүйрігін, өз балуанын әкеледі.

Құлагер келіпті дегенде, Кғктұйғынның иесі сол елдің «*Өр көңіл, жуан кеуділерінің бірі*» Батыраш қатты абыржиды. Батыраш – «*қап қарындар*» өкілі. Енді «*жетелеп жалғыз атты жеке*» келген Арғынның «*алде пері, алде сері*» біреуі бәйгені алып кетсе, Батыраштың ғлгені. Батыраштың ішін ғрт шалдырған да, міне, осы қызғаныш еді. Көзсіз «ғр көңіл» жуандық оны қылмысқа итереді. Бағы үшін еш нәрседен тайынбайды.

Ақын бір заманда, бір ортада ғскен екі жанды түйістіреді. Өнер мен ғктемдік, кісілік пен надандық, сұлулық пен сұмдық, зиялылық пен бейпілдік, парасат пен топтастықты көрсетеді. Ол ел еркесі Ақанды Батырашқа қарсы әнімен, өнерімен, биік адамгершілігімен сайысқа шығарады. Ілияс «табиғат – сұлулық, махаббат – адамгершілік» деп еңіреп ғткен Ақанды көз алдымызға әкелген.

Ақан асқа тек Құлагерімен ғана келмеген. Ол өнерімен келген. Оның байлығы да ән-өлеңі. Ақын Ақанды:

*Арқаның жүйрігіндей ән салады,
Өрге айдап, барып-барып жалтарады.
Түйіліп түлкі көрен қырандайын,
Қылмаңдап қос қанатын қомданады*

деп қанатын қомдаған қыранға балайды. Ілияс Ақанды «тәтті», «әсем дауыс», «бал бұлақ», «самал үнді» әсем ән шебері дейді.

Ақынның әншілік табиғатын шымақтарда тамаша танытады.

Ілияс біздің бар ықыласымызды Ақанға аударады. Оның өнеріне тамсандырады. Белгілі әдебиетші В. Шкловский «Қандай болмасын өнердің негізі әрқашан да конфликт үйлеспеушілік арқылы құбылыстың мазмұнын ашу»,¹⁶ - деп айтып өткен.

Ілияс та Ақан характерін, ақын мінезін терең ашу үшін оны конфликтіге, тартысқа түсіреді. Ол тартыс Батыраш екеуінің арасындағы шиеленіс.

Ілияс Батырашты «Тұтқыштай өңі күйіп қап-қара боп» деп бейнелесе, ал Ақанды:

*Жайраңдап жайсаң Ақан қаймыққан жоқ,
Жүрегін жолбарыстан айнытқан жоқ-*

деп бейнелейді.

*Көгеріп Батыраш шал басы қалтақ-
Қалтақтап жан-жағына етіп жалтақ-*

деп топ алдында ашуға булыққан Батыраштың күйін айнытпай берсе,

Жүйріктің жиын жарған қағып жайтақ

¹⁶ Шкловский В. Тетива о несходстве сходных. М., 1970, стр. 248

*Таңғалтып ән, атымен елді байтақ
«Ауылым қонған Сырымбет даласына»
Деп Ақан ән сап жатты басты шайқап,-*

деп өз әнімен топ жарған жүйріктей, жұртты таң қалдырған ақын келбетін береді.

Демек, Ілияс әрбір оқиға үстінде Ақан мінезінің әр қырын ашып отырған.

«Балуан бәйге» тарауын ақын бұрынғы қазақ ауылының этнографиялық суреттерін көрсету үшін ғана ала салған емес. Балуан күресін күштілер даңқын, өз руының аруағын көрсету, дәріптеу үшін пайдаланады. Өнер сайысын олар ру сайысына айналдырған:

*Алысып Арғын, Найман күш сынасып,
Атты айдап азаматпен шайқасуға.*

Ақын екі күш сынасатын балуанның елден артқан күш-өнер иесі екенін танытады. Балуандарды суреттеуде шендестіру тәсілін ақын шебер қолданады:

*Сияқты бірі жуан, бірі жұқа,
Өкіріп сүзісіп жүр екі бұға...
Тап берді қара қабан сар мысыққа...*

Осы айтыста қара жүнді балуан мерт болады. Күл-талқан болып сынған балуанда дәулердің ісі жоқ. Адам тағдыры оларға ойыншық тәрізді. Жеңгенге берілетін сыйлыққа жанжалдасып жүрген жандарға:

*Жұлысып бір шаршыға екі сақал
Бір-екеу ырылдасып ит сықылданып.-*

деп айта кетеді. Ілияс оны бір штрих арқылы олардың дүние қоңыз, адамгершілікті малға сатқан арсыздар дүниесін керемет елестетеді.

Ақынның «*жұлысып бір шаршыға екі сақал*» деген троптық сөз қолданысы арқылы көп мағына білдірген. Тропты сөз қолданыстар «Құлагер» поэмасында көп ұшырасады. Ат шабысын былай суреттеп береді:

Шаңы – бұлт, екіні – жел, аттар – қаңбақ,

Балалар ұран салып, безді зарлап.

Шапқан ат, салған ұран – күңіренді Арқа,

У да, шу, ұлан-азар болды жан-жақ...-

сияқты кесек көркем образдар жасаған. Аттардың шабысын, Ақан кейпін әсем суреттейді. Сонымен жеңіске жеткелі тұрған Құлагерді Батыраш өзінің айбалтасын жүйрік атқа қарай лақтырады.

Ілияс Ақанның Құлагер өлімі үстіндегі қайғы-зарын, күйініш-күйігін тебірене жырлайды:

Құлагер қолда әсірген құлыным-ай,

Ішінде омыртқамның жұлыным-айӘ..-

деп Ақан Құлагерін жоқтап, егіледі. Қу бас, жетім ұл – Ақан жалғыз. Күштілер дүниесі өнер тарланы Ақанды осылайша соққыға жықтырады, өксітеді.

Мен Ілиястың «Құлагер» поэмасын талдауда ақынның бейнелі ойына, шығарманың бейнелі құрылымына арқа сүйедім. «Құлагер» поэмасы Ілияс Жансүгіровтың саңлақ өнер иесі екенін анық танытқан.

«Құлагер» поэмасы – ақын туралы, ақын трагедиясы туралы дастан. Сұм заманның құрбаны болған үлкен өнер иесі – әрі ақын, әрі композитор, әрі әнші, әрі сері, әрі сал, өнер тарланы, асыл арман иесі Ақан туралы дастан.

Б) Прозалық шығармаларды талдау

Бейімбет Майлин – көркемдік детальды қолданудың асқан шебері

Прозалық шығармалардың үлкенді-кішілі формасының қайсысында болмасын сюжет те, композиция да бар. Өйткені олар оқиғаға құрылады. Ал поэтикалық шығармалардың бәрінде бірдей сюжет бола бермейді. Сондықтан да, прозалық шығармаларды – новелла, әңгіме, романдарды талдағанда оның сюжеті мен композициясына арқа сүйемей, ондағы кейіпкерлер характерінде ашу мүмкін емес.

Лев Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілік», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеяларында толып жатқан кейіпкерлер бар. Егер осыларда, Александр Пушкин айтқанындай, «тұтас жоспар» болмаса, онда шым-шытырық бірдеңе боп шығар еді. О. Бальзак өзінің «Человеческая комедия» шығармасының құрылымы туралы былай деген: «Белгілі дәуірдің екі немесе үш мың типтік адамдарын бейнелеу – бұл аз еңбек емес, ғйткені, әр буынның ғкілі ретінде көрінетін типтер саны осындай, ал «Человеческая комедия» соншалық типтері сыйғызбақ. Мұншама адамдар, характерлер, мұншама көп тағдырлар белгілі бір шеңберді керексінеді, галереяларды керексінеді, мұндай сөзді қолданғаным үшін маған кешірім жасар деймін. Осыдан барып менің шығарманың табиғи, жұртқа мәлім тараулары: жеке адамдардың өмірі, париждің саяси, соғыс және ауыл өмірінің тұрмысы келіп туады. Жалпы тарихты құрайтын барлық әдет-ғұрып, мінез-құлықтар жайындағы очерктер осы тарауларға орналастырылған. Оның әрқайсысының мағынасы, өз мәні бар және адамзат өмірі дәуірін тамамдайды»¹⁷. Бір шығармада екі немесе үш жүз мың адам. Жүздеген оқиғалар. Ал соларды суреткер шебер

¹⁷ Из книги Наровчатова С. «Необычное литературоведение», М. 1970, стр. 281.

композицияға құрмаса, шатасып кетеді. Ақынның, жазушының шеберлігі – шығарманың осы сюжеті мен композициясын құра білуінен танылады.

Эпикалық шығарманың сюжеті бірінен-бірі туындап жататын оқиға өрбісі болса, ал шығарманың композициясы сол оқиғаларды бөлім-бөлімдерге, тарау-тарауға орналастыру.

Әдебиеттің негізгі объектісі – адам. Жазушы өз шығармасына сол адам тағдырын арқау етеді. Оны көрсету үшін жазушы өз кейіпкерлерін әр түрлі саяси, әлеуметтік жағдайларға қояды. Сан алуан адамдармен қарым-қатынасқа түсіреді, оны өмір тартысының әр кезеңінде көрсетеді. Сол арқылы суреткер өз қаһарманының характерін жасайды. Сол қимыл, мінез үстінде адам характері әр қырынан ашылады. Сюжетті, С. Наровчатов, композицияның динамикалық негізі деп қарайды. Кейіпкер характері сюжет барысында, дамуында ашылады. Образдың дамуы оқиға ғрбуінде көрінеді. Оқиға өрісінде шығармадағы кейіпкерлер бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды, сондағы олардың іс-әрекетіне, ой-сезіміне қарап біз кейіпкерлердің адамдық сапаларын анықтаймыз.

Шығарманың бүкіл элементтерінің басын құраушы – композициясы. Барлық элементтер «қисынын тауып» іштей жымдасса ғана шығарма бітімі сұлу болмақ. Жазушы шеберлігі де осыдан көрінеді.

Сонымен шығарманың композициясы мен сюжетін талдамайынша, ондағы кейіпкерлердің характерін ашу мүмкін емес. Композицияның барлық шығармаларда түгел болатыны – оның сюжеттен бір өзгешелігі, композиция сюжеттің өрбу кезеңдерін жүйеге түсіріп қана қоймайды, сюжеттен тыс нәрселерді қиюластырып, белгілі бір арнаға салады.

Бейімбет Майлин – көркемдік детальды қолданудың асқан шебері.

Жазушының «Түйебай» деген әңгімесі көпке мәлім. Кішкентай Түйебай сабаққа барған бастапқы күннен-ақ молда қаһарына ілінеді. Зеректегі басқа балалардан кем болмаса да, молда оның жер-жебіріне жетіп ұрысады. Жиырма шақты баланың ішінде таяққа жығылатын да сол. Сабағын білгеніне қарамай, сәл мүдірсе болғаны, молда «қамшымен сыдырып салады». Басқа кейбір бала сабаққа кешіксе, оған кешірім жасайды, ал Түйебайға еш кешірім жасамайды. Түйебайдың осындай бір кешіккенде молданың қатыгездігін жазушы былайша суреттейді:

«Молда тізерлеп тізесінің үстіне кітап қойып, қауырсын қаламмен бірдеме жазып отыр екен. Көзін сүзе қарап, Түйебайға қадала қалды. Ашуланғанда, ортасын қырқып тастағандықтан, делдиіп тұрған мұртының жебесі тікірейіп, қозғала беретін. Бұл жолы да сондай қалыпта қалды. Кітабын сандықтың үстіне қойып:

-Неге кешіктің?-деді.

Түйебай үндемей тізерлеп, бүкірейіп отырып, имандығын аша бастады. :ндемеген сайын молданың ашуы үдейін деді.

-Неге үндемейсің, доңыз? Жат, бері!-деп, қолындағы екі айыр қамшысымен сандығының жанын көрсетті. Түйебай барып жата алмады. Қыбыжықтап төмен қарай берді.

-Доңыз, сен тіл алмайтын кім едің!-деп, молда қамшымен осып жіберді.

Түйебаймен қатар отыратынмын. Екі айыр қамшының бір тармағы кгілекшең иығыма тиіп кеткенде ыршып түстім. Түйебай «молдекелеп» әкіріп қоя берді...

Түйебай -өксігін баспай кешке дейін жылады»¹⁸

¹⁸ Бейімбет Майлин Шығармалар жинағы, III том

Жазушы осы жерде талай суреттер беріп өтеді. Көз алдымызға бірден «тізесінің үстіне кітап қойып, қауырсын қаламмен бірдеңе жазып отырған» молда елестейді. Бұл молда атаулыға тән «ғұламалық пішін».

Бейімбет Майлин осы бір оқиға үстінде өмірдің керемет шындық суреттерін бере білген. Осы аз ғана суретте адам тағдыры айқын көрінеді.

«Зәкіржан молда» әңгімесінде Бейімбет Майлин Зәкіржан мен Қалдыбай бейнесін бір зұлымдығымен дәл көрсетеді.

Бейімбет Майлин шығармасына тән бір керемет қасиет бар. Жазушы сөзден оқиға өруге шебер.

Сонымен Бейімбет Майлин әңгіме – новеллалары шағын дүниеге өмір аласапыранын, тіршілік-тартысын шебер түсіреді. Оның шеберлігі оқиға таба білуінде, соларды қиыстыра, кірістіре білуінде. Ол сөз өнерін-соған орай саптай біледі.

Ал енді мен Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінің бейнелі құрылымына сүйене отырып, оның идеялық-көркемдік мәнін қалай ашуға болар еді, сол жайдайды қарастырдым.

«Салқын күз, ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды оңтүстікке қарай жылжып ұшып барады. Солдан соққан салқын жел өзінің ғткірлігімен жұқа киімнен ызғырын өткізіп, тоңдырып барады. Екі салт атты жолаушы келеді. Олар бір-бірімен сыралғы емес. :стеріндегі киімдері де жүдеу. Біреуінің үстінде қонған үйінен сұрап киген шидем күпі... Оның қолтығынан жел ғтіп мазалайды. Ер-тоқымы байлардың малға мінетін ескілеу ер-тоқымы. Ал екінші жолаушының астында қойшылар мінетін қара кер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса, аяғын аттап басар жануар емес. Отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам. Сиректеу сақал-

мұрты қара, қара бұжыр. Күлімсіреп дңгеленіп тұрған қара көз. Пішініне қарағанда бір түрлі сөйлемпаз адам секілді».

Осы суреттердегі жер ортасы адам, күлімсіреп дңгеленіп тұрған қара көз, сөйлемпаз адам деген сөздер арқылы жазушы көп нәрсені аңғартады. Жер ортасына келген адам болған соң, көргені, білгені, тоқығаны көп адам. Осы кішкентай суреттеуде бұл кейіпкердің мінезінің бірталай жағы көрініп қалады. Оның тек келбеті ғана емес, сол сияқты оның жан дүниесі де, әлеуметтік тұрғысы да жазушының суреткерлігінің айғағы. Әңгімені кім бастайды? Әрине, сол сөйлемпаз көрінген адам бастайды.

«Мынау алдымыздағы үлкен кәл «Қамысты» ғой, осының сол жағын ала жүріп, ана жабырқай көрінген обаның белесінен тура ассақ, алдымыздан бір кішкене сұрлеу келеді. Сол сұрлеуден барып Шұғаның белгісінен қара жолды қиып аламыз», -деп ол әңгіменің ұшығын шығарады.

«Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма? - деген жолдасына: «Жоқ обашық», -деп жауап береді. Әр-берден соң: «Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау», -деп айтып үнсіз отырып қалады. Жолдасын ынтықтыра түседі. «Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына дейін біліп болып еді!.. Ой шіркін, өзі де Шұға десе – Шұға еді-ау!» - дейді тағы бір кезде.

Сөйтіп жазушы осылайша оқырманын оқиғаға жетелейді, ынтықтырады, құмарландыра түседі.

Жазушы мұндай тәсілін қалай шеберлік демесің. «Шұғаның белгісі» шебер шығарма дегенде, мен жазушының қолданған осындай көркемдік тәсілдеріне қарап айтамын.

Бейімбет Майлин ынтықтыру тәсілін әр жерде қолданып отырады. «— Бұл қызық әңгіме», «Ой, дариға, талай қызықтар гтті-ғой!..»-деп сол

қызықтарды айтпай, оқушысын алға жетелейді. Осылайша жазушы оқырманды қызықтыра Шұға келбетін әдемі суреттеп береді.

Жазушы енді бізге Әбдірахманды таныстырады. *«Ол жасында бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай школы болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, 4 жылдан соң школды бітіріп шығыпты. Ол күндіз қозы бағып, түнде оқу оқиды. Әбдірахманның әкесі өте кедей. Ол оқуды бітіруімен орысша бала оқытады.»* Жазушы сөйтіп, бізді Әбдірахманның әлеуметтік тұрғысынан таныстырады.

Бейімбет Майлин Әбдірахман характерін бізге там-тұмдап аша береді. Оқуды мақтаумен бітірген Әбдірахманды Дуандағы начальник «тілмаш бол» деп ғтіледі, болыс «писарь бол» деп жабысады, бірақ Әбдірахман бұған разылық бермейді. Ол бір байдың школына барып бала оқытады. Жазушы бұл жерде Әбдірахманның бұқарашылдық сипатын аңғартады.

Әбдірахман образының қырлары оқиғалар үстінде көрінеді. Ол – домбырашы, әнші, ақын, ойын-сауық, думанның көркі. Оның бұл өнері алтыбақан басындағы ойында көрінеді. Жазушы Әбдірахман өнерін көрсету үшін бір сәтті баяндамаған, оны алтыбақан ойыны үстінде Шұғамен тілдестіру үшін алған. Әбдірахман сол кездесуде өзінің Шұғаға деген жас жүрегінің арманын білдірген.

Әбірахманның ақындық дарыны Шұғаға жазған хатында көрінеді:

...Сіз бір айсыз нұрландырған аспанды,

Буландырған, уландырған жас жанды.

Біз бір ғарып паналаған саяңда,

Жас жүректе мықты жара басталды.

Кірді нұрың, отты жақты ішіме,

Көтерем деп сене алмаймын күшіме.

Бірінші зар шықты бізден мұңданып,

Будан бұрын айтылмаған кісіге...

Әбдірахман мен Шұға мінездерінің жақсы, ұнамды жақтары мұнан кейінгі оқиға ғрбісінде мол көрініс береді. Шұғаның Әбдірахманға жазған хатындағы: «Құрматлу мырза Әбдірахманға айтарымыз: хатыңызды алдық, қазір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бұйырмаңыз», - деген жолдардан оның сабырлы, салмақты мінезін көреміз.

Әбдірахман мен Шұға арасындағы айнымас махаббат үнемі көрініс беріп отырады. Екеуінің арасындағы жақындық, сүйіспендік елге жайылып, Есімбек мұны есітіп Әбдірахманды қызына жақындаттырмауды ойлайды. Есімбек Әбдірахманға қарсы шықса да, ол: «-Шұға айныса амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде тұратын болса, не қиындық болса да, алмай тынбаймын», - деп айтады. Ол Шұғаны сағынған өлеңінде:

Жаным сүйіп деп сеніп едім,

Құрбандыққа басымды беріп едім,

Айтылған сөз, уәде сертім үшін,

Ат сабылтып, Шұғажан, келіп едім,-

деп сертіне беріктігін айтады. Мына бір жолдарына үңілмек:

Жүзі құбыла, сөзі құран Шұғамның,

Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын,-

деп, айдалып бара жатқанда Әбдірахман зар шегеді. Шұға өзі өлім аузында жатқанда: «Өлем деп арман қылмаймын. Жалғыз-ақ арманым бар – түнеугі көргенде, Әбдірахман бір ауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда «Шұғам» деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден

армансыз кетер едім... Әй, ол жоқ қой»,- деп Әбдірахманды бір көруді армандайды.

Осылайша жазушы Бейімбет Майлин Әбдірахман мен Шұға образдарының мінезін жан-жақты, ішкі сезімін бір-біріне қиыстыра әсем бейнелеген.

Мұхтар Әуезовтің прозалық шығармаларының тіл ерекшелігі

Әрбір шығармада кейіпкерді қоршаған заттық дүние бар, табиғат бар. Жазушы бұл к қоршаған заттық дүние бар, табиғат бар. Жазушы бұл көркемдік детальдарды да тегін алмайды. Олар кейіпкердің мінез-қылығын ашуға көмектеседі. Табиғатты жазушы кейіпкердің сол сәттегі көңіл күйіне, жан толғанысына, қуаныш-қызығына, қайғы-қасіретіне, басына түскен үлкен қатерге, ашу-ызасына, қайрат-қадырына орай бейнелейді. Сондай-ақ жазушы табиғатты сөйлете отыра, кейіпкердің жан толғанысын тереңдете түседі, оқырманға өз әсерін арттырады. Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш» повесіндегі Бақтығұл басына тңнген қатер кезіндегі табиғат суреттері үлкен шеберлікпен, суреткерлікпен берілген. Болыс-билердің, жуандардың зорлық-зомбылығынан пана таба алмай, Бақтығұл қашып жүреді. Жарасбайлар шам алып артына түседі. Жан-жаққа қуғыншы жібереді. Бақтығұлды қуғыншылар қамап алады. Енді бір жағында Жарасбай жендеттері, екінші жағында тілсіз жау Талғар өзені. Екі оттың арасында қалады. Бақтығұл өлім аузында. Жау құтқармақ емес, алды-артынан қамап алды. Тек бір-ақ үміт *«не Талғар ғткел беріп құтқарады, не өзі жұтып құтқарады – әйтеуір дұшпанға жоқ»*. Сол Талғар өзені жазушы тамаша суреттеген. Талғар өзені *«Қазанда қатты қайнап судай ғне бойымен түгел бұрқылдап қайнап жатқан сияқты. Ұзақ бойы түгелінен бұрқ-сарқ етіп тасиды. Талас салып, жасырып епкіндей*

жәңелген жік-жік ағын бұйра толқындар жүз жыланнның сумақ қағып жарысқанындай. Өртпен, қуғыннан қашып, дүркіреп жосыған көп жайынның жәңкілдеуіндеі ... Қалың биік, алып жартас бір ұртына бір өзенді сіміріп жұтып, жер астына әкеліп жатқандай». Жазушы табиғаттың долы, асау күшіп осылай суреттей отырып, Бақтығұлдың басына үйірілген катердің аса үрейлілігін білдірген, сол Талғардың дүлей тасқынына қойып кеткен Бақтығұлдың ерлік сипатын танытқан.

Бақтығұл ертеңінен қорықпайды. Оның барар жері біреу-ақ – ол өлім. Оның жауы Жарасбай, ал Жарасбайдың тірегі – ояз. Бақтығұл олардан қайыр күтпейді, қолына түссе, мұның жанын жаннамға жібермек. Сондықтан да ол жастығын алып жығылып барып өлім құрығына мойын ұсынбақ. Тек Жарасбайдан кек алсаӘ Бақтығұлдың жүрегіндегі алаулаған алуан арпалыс, ыстық қан қызуы, Жарасбайларға деген мұзданған, тас боп қатқан жан қатулығы, өлім мен өмір жанталысы – соның бәрін жазушы табиғаттың үрейлі, ызғарлы, суық, айбарлы сәттерімен үйлестіре суреттейді.

Мұхтар Әуезов табиғаттың келбет-кескінін кейіпкерінің жан күйзелісін, жан ашуын тереңдете бейнелеу үшін ұтымды алған, табиғатты өз мақсатына орай сөйлете білген. Өмір шындығын суреткер характер арқылы көрсетеді. Әдебиеттегі үлкен, тұтас характерлер – сюжеті мен композициясы шебер құрылған шынайы көркем туынды жемісі. Мұны ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолында» Абай характерін жасаудағы шеберлігінен білеміз.

Роман шәкірт Абайдың оқудан қайту шағынан басталады. Оның көңілі жай, алаңсыз. Тек еліне жетсем дейді, ол туған жер, ғскен ортасын сағынып келеді. Әжесін, анасын, бауырларын көруге асық. Ол астындағы «жарау құла бестісін ағызып-ағызып алады», Абай ойында бұл кезде ештеңе жоқ. Алаңсыз балалық. Тек арманы – туған ауылына тез жету. «Жарықсыз

Сары биік қоныс, ақ кғделі әдемі өлкеге» жақындаған сайын, оның махаббат сүйіспеншілігі арта түскендей.

«Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе мынау өзі туған сахара, өлке белдеріне соншалық бір туысқандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды. Жабыса, сағына сүйеді. :зілмей, қатаймай, бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рақат. Осы желмен құлпыра толқып, су бетіндей жыбыр қағып шалқып жатқан ал күрең кгде мен илеу далалары ... Дала емес – теңіздері қандайӘ Сол даладан көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзпқ-ұзақ қарайды».

Жазушы сол кіршіксіз жан иесі, шәкірт Абайды үлкен сұмдық үстінен шығарады. «Ұры-қары, сұмдық, бәле жоқ» деген Абай сахараның тағылық қылмысына тап келеді. Тағы даланың қатысыз заң-дәстүрінің кінәсіз құрбаны Қодар мен Қамқа өлімін өз көзімен көреді. Сол қатыгез үкімнің әміршісі – өз әкесі, өзінің туған әкесі.

Абай барынша қан құйылғандай. Оның бала жүрегінде *«қорлықпен әлгендерге, барынша жан ашыған, мейірбандық бар. Сонымен бірге, әсіресе, бір-бірімен шарпысқан сезім: «әке» деп жамандыққа қимау бар да және сол «әкеден» шошып, үрку бар.*

Барлық ішін теңселте сіліккен бала жанын ойран етіп, сескенте тітіренткен сезім». Жазушы Мұхтар Әуезов Абайды қиянатшыл заманның сұмдығымен де, сол сұмдықтың бас пәлекоры әкесімен де осылайша кездестіреді. Болашақ Абай характерін жасау үшін осы бір оқиғаның мәні ерекше. Бала жүрегі: *«Әкем... әкемӘ.. Не деген қатал, не деген қатты еді»,- деп күрсінеді.*

Шәкірт баланың осы сөзі оның жан дүниесіндегі алаулаған өзгерісті білдіргендей. Болашақ Абай бейнесі менің ойымша осы сәттен басталатын сияқты.

«Абай жолы» романы ескілік пен жаңалық арасындағы тартысқа құрылған шығарма. Сол ескіліктің шоғырланған жексұрын көрінісі – міне осы Қодар трагедиясы.

Эпопеядағы бүкіл тартыс Құнанбай мен Абайға байланысты ғрбиді. Осы әке мен бала арасындағы қатынастардың алғашқысы «Қарашоқы» оқиғасынан басталады. Әкесіне деген ыстық сезім, балалық сезім Қамқа мен Қодарға жасаған әке сұмдығы Абай жүрегіне қатыгөз заманның зәрін, уын сеуіп жібергендей. Оның өз әкесінен осындай сұмдықты көрем деген еш ойында жоқ еді. Осылайша «Қарашоқы» оқиғасынан басталған кірбің ұлғая, оқиғаны әрі қалай шиеленістіреді. Шығармадағы Дәркембай, Баразалы, Дәрменге, жастардың махаббат трагедияларына, Бғжей асына, тағы басқа оқиғалардың бәрі Қарашоқы оқиғасымен сабақтас, олар бір-бірімен ғріле біткен. Шиеленіс, тартысты Қарашоқы оқиғасынан бастаған жазушы шығарманың бүкіл сюжеттік желісінде оны солғындатпай, үзбей шиыршықтыра, шиеленістіре сабақтай жалғастыра береді.

Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов Абай характерін жасау үшін кейіпкерін талай типтік жағдайға қояды, тартысқа түсіреді, талай қақтығыстардан, соқтықпалы, соқпақсыз өмір белестерінен ғткізеді. Сан алуан адамдармен қарым-қатынасқа түсіреді. Басы Құнанбай сияқты алуан мінезді характерлермен тартыста Абай тұлғасы қалыптасады. Жазушы сол оқиғаларды қазақ ауылының типтік жағдайларында көрсетеді. Сондықтан да Абай характері нанымды шыққан.

Шебер суреткер ұлы Абайдың тұтас характерін қазақ үшін кейіпкерін ыңғай әрекет алаңына шығарады. Оқиғаларды сұрыптап, екшеп, рет-ретімен шебер орналастырған. Сан алуан оқиғалар бір-бірімен сабақтасып, ғріліп, ондаған адамдар әрекет алаңында шығарманың негізгі желісінен аулақтамай, түпкі діңгейінен әрі кетпей, әр түрлі жолдармен соған тоғысып отырады. Шығармадағы көптеген адамдар да сол шығарманың басты кейіпкерлерінің тңірегіне топтасады. Олардың сан қилы әрекеттері де басты кейіпкерлер характерін ашуға көмектеседі.

Кейіпкер басындағы тартыстар арқылы жазушы қоғамдық тартыстарды көрсетеді. Сол тартыстарды жеке адам тағдырына байланысты білдіреді. Өйткені әрбір кейіпкер белгілі бір әлеуметтік күштердің ғкілі, Құнанбай мен Дәркембай - бір-біріне қарама-қарсы екі әлеуметтік топ адамы. Ал сол сияқты Құнанбай мен Абай бірі ескілік соңы болса, екіншісі жаңаның басы сияқты. Ескілік пен жаңалық – күрес, майдан алаңы. Сол алаңға Құнанбай бастаған ескілікті, обзырлықты жақтаушылар да, жаңалықты, әділдікті, адамгершілік, адалдық, ізгілікті жақтаушы, қалың қазақ қамын ойлаушы Абай бастаған жаңашыл күштер де сайысқа шығады. Ол тартыс – шығарманың желісі.

Бізге мәлім «Абай жолы» романының екінші кітабы Құнанбай мен Дәркембайдың қақтығысынан басталады. Дәркембай Қодардан қалған жалғыз ұрпақ Дәрмен атынан Құнанбайдан құн сұрайды. Мекеге баратын сапар алдында мүләйімсіп, момын сопы, құдайшыл боп отырған Құнанбай бірден қаварына мініп, қатыгездене бастайды. Майбасары мен Тәкежанына Дәркембайды бүргізеді.

Осы кезде Абай арашаға түседі. Дәркембайдың жағасына жармасқан Майбасар мен Тәкежанды жұлып алып, лақтырып жібереді.

- Килікпендер, арсыздарӘ Бұның сөзі әкемнің құдай алдында жауап берер сөзі. Нені ұғып, ойлаушендер сендерӘ Көр кеуде арсыздарӘ Мекеге барар жолда әкеме қиын-ауӘ - деп Майбасар мен Тәкежанды ауыз аштырмады. Сол сәтте Дәркембайға бетін бұрып:

*- Дәркембай, айтпасыңа болмаған шығар. Орайлы арыңыз болған соң қысылшаң жерде айтсаң да айыптай алмаймын. Мен қарыздармын әкем үшін . Қарғамай, сілемей қайта бер, жарқыным. Сөзің жетті маған. Етім түгіл сүйегімнен зтті. Бар , қазір, жүре беріңдер,-*деді.

Осы тартыс әрі қарай сан-салалы жолдармен дамып, шығарманың бүкіл идеялық-сюжеттік арқауына айналады. «Бас қаһарманның өз тағдырын,- дейді ғалым М. Қаратаев, «Абай жолы» романының композициялық, сюжеттік тұтастығын, шеберлігін айта келіп, - бүкіл халық өмірінің сансыз көп құбылыстарымен, оқиғаларымен етене ұштастыру, айшықтау, мәнерлеп оқу тек Әуезовке ғана тән. Бірде-бір эпизодты жасанды, ойдан шығарылған, эпопеяға қолдан әкеп қоса салған деп айта алмаймыз. Оқушының көз алдынан калейдоскоптағыша түрленіп, құлпырып ғтіп жатқан құбылыстардың адамдар мен суреттердің алуан-алуан ала шұбар сияқты көрінуінен үнемі олардың бір-бірімен өзара кірігіп жатқанын, іштей терең байланысын, сюжетінің тұтастығын, сындарлы сұңғақтығын аңғарамыз».

Мұхтар Әуезов романның «Жайлауда» деген тарауында Абайын жаңа бір қырынан бейнелеген. Елінің өнерін емірене сүйген, озық өнерді ой көзімен таныған Абайын көрсеткен.

Мұхтар Әуезов өнерді бар жанымен түсінген. Ол тек халықтың сөз өнерін ғана емес, «құлақтан кіріп, бойды алар» ән өнерін де тани білген, қадірлей, қастерлей білген.

Романның «Жайлауда» деген тарауында М. Әуезов өзінің эстетикалық талғамымен, аса бір суреткерлік үлкен сезіммен, жүрек сүйіспеншілігімен бейнелеген. Жазушы сол тарауда қарама-қарсылық суреттеу әдісін ұтымды қолданған. Ол біздің алдымызға екі ауыл суретін тартады, бірі «кең кғталға жайыла қонған оң жақ шеті ғңшең ақ үйлер» тігілген ауыл да, екіншісі «о шеті мен мол иірілетін орта тұсында ғңшең қоңыр үй» тігілген ауыл. Бұл шетінде жыртық, шоқпыт лашықтар, құрым кара қостар, кішкене күркелер де бар. Жазушы екі ауыл, екі тіршілікті көрсетеді.

Ақын жанды ұлы суреткер адам психологиясын суреттеуде өз биігін танытқан. Ол – асқан психолог, әрі нәзік лирик. Мұхтар поэзияға Біржан сияқты алып тұлғаға байланысты оқиға арқылы ғшпес, ғлмес өнерді жырлаған. Халқының Біржандар арқылы жеткен рухани байлықын көрсеткен. Өнер байлығын, сғнбес алтын қазынасын ғасырларғы апарар ұрпағын да сахнаға шығарған. Ол Абай бастаған Әйгерім, Әмір, Керімбала, Оралбай, :мітай, Балбала сияқты «махаббат қызық мол жылдар» теңізіндегі жастықты, еркіндікті аңсаған жақсылықты армандаған жастар, жазушының соларға деген ықыласы – ерекше. Халқының ертеңін солардан іздеген. Жазушы мейірлене суреттейді. Ыстық сезімдері соларда, жүрегі сол жастармен, өнерлі жастармен бірге соғады. Мен жазушының бүкіл жан ізгілігін сол жастардан, сол арманшыл, ілгерішіл ғр мінезді, жаны сұлу, адал жастардан көрінгенін байқадым. Мұхтар Әуезов аталар мен ағалардың өнегелі, үлгілі жақсы дәстүрін әрі жалғастырар, кейінгілерге үзбей жеткізер сол жастар деген салиқалы ой тастайды. Мұхтар Әуезов өнерді де, өнер адамын да аса дәріптеп, асқақтатады. Жазушы жасампаз, жаратымпаз өнердің, соның ішінде ән өнерінің қуат-күдіретін де тамаша көрсеткен. Еркін

махаббаттың гимніндей «Гауһартас», «Қарғаш», «Баянауыл», «Жиырма бес» ынтызарлық сүйіспеншілік әуенімен балқыған, әндердің шәрбатынан сусындаған жастар еркін махаббатқа құлаш ұрады. Жазушы өнердің ұлы күшін былай суреттейді: *«есіл Біржан, қадірің қандай едіӘ Елімнің асыл күшін арқалап жүр екенсің зойҰ Сенің әніңнің лебі зой осы жастарды осылай тартқан. Өнер болса, осылай боп толқынсыз апан суға кесек тас түскендей, ұйқы-тұйқы зтсін де, өмір сонны тілейді зой. Осылай құйындай соғар күштер болмаса, шіріп, бықсып күндер өтеді зой»*. Жазушы бұл оқиға үстінде тағы да бізге ойшыл, сыншыл Абайды, халықтың өнер қазысының асылын ардақтай білген Абайды көрсетеді. Мұхтар Әуезов өз шығармасында халқының озық, соны өнерін бар қадір-қасиетімен, шырай-көркімен көрсете алған. Елінің рухани мәдениетінің байлығын, талант-дарын иесі өнершілерін сүйсіне жырлайды.

Жазушы Мұхтар Әуезов адамның қан тамырларына бойлайды, шебер демгер сияқты адам жанының бүкіл қалтарыс-бүкпесіне барады, жарық дүниеге сол адамды барымен, барлығымен сыр-сымбатымен, сергек сезімімен, топас-дүмшелігімен, құр кеуде қуыстығымен шығарады. Өнер мен дүмшелік, тоғышарлық пен тұншығушылық, асыл мен жасық, озық пен тозық қоңсы қона алмайды деген ойды алға тартады. Суреткер меніңше, сонны сезімталдықпен ойлы өрнектеген.

Асқан сөз зергері Мұқаң эпопеяның бүкіл құрылымына халқының ахбас-тозбас, мғлдір де мәңгілік өнерін биіктеткен. Соны үлкен шеберлікпен өрнектей алған. Мен бұл романның қай тарауы болмасын, соның бәрінде асыл сөз зергерінің қолтаңбасын сездім. Солардың бәрінде автордың интонациясы, өзіндік ырғақ-үйлесімі, Мұқаңа тән нәзіктік, сыршылдық, жан

тербелісі, өзіндік сөз саптасы, тек Мұқаңа тән сөз кестесі ерекше оқшауланып көрінеді.

**қ.Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы
кейіпкерлердің сомдалу ерекшелігі**

Ғабит Мүсірепов «Оянған өлке» романы – туған әдебиетіміздің тғл шығармаларының бірі. Ол өзінің тақырып, мазмұны жағынан болсын, сол сияқты көркемдігімен де жоғары. Жазушы халқымыздың тарихи даму кезеңінің жаңа бір белесін алып, сол кездегі елдің әлеуметтік өмірін, тіршілік-тынысын – қазақ даласында капитализмнің орын тебуіне байланысты жаңа прогресшіл күш – қазақ ол жұмысшыларының туып, қалыптасуын, оның сана-сезімінің оянуын, бұған орыс жұмысшы табының игі шарапатын, екі ел жұмыскерлерінің еңбек үстінде орнап шыныққан достық-ынтымағы, бірлік күресін суреттеген.

Демек, жазушы негізгі проблема – қазақ жұмысшы табының қалыптасуы проблемасы тғңірегінде сол кездегі қазақ қауымының кең сипатын, көрінісін берген, үлкен әлеуметтік, философиялық, моральдық, эстетикалық мәселелер көтерген, уақыт, кезең, дәуір тынысын бар болмысымен көрсете алған. Романда осы өзекті тақырып, өзінің шынайы көркемдік бояуын, шешімін тапқан. Шебер суреткер өзінің бұл шығармасында мүсіншілік биігінен көрінген.

Ғабит Мүсіреповке тән зергерлік романнан мол кездестірдім. Тіл айшығы, сюжет-композиция құру шеберлігі, ұтымды штрих-деталь таба білушілігі, жазушыға тән ажуа-мысқыл сияқты өрнектер қиыннан қиысып, үндесе тіл қатады.

«Оянған өлке» романында жазушы XIX ғасырдың аяғындағы қазақ қауымының барлық әлеуметтік топтарын сахнаға шығарған. Мұнда ескі мен

жаңаның екеуінің де етегінен ұстаған, екеуін де керегіне жаратқан Игілік сияқты бай да, ескіге жабысып есесінен айрылып жүрген қазақтың қазақтың мал жанды Жұман сияқты сасық байы да, қазақ даласын аш бғрідей кезіп, ен байлығын еркін еміп қалталануды мұраттаған Рязанов, Ушаков сияқты капиталистер де, қаланың да, қырдың сұм алаяқтары, жағымпаз жақыбайлары, Күреңкөз қожа сияқты сұмпайы молдасы да, өмірдің ащы азабын тартып, өзіне емес өзгеге игілік жасап, мойнынан қамыт, қолынан күрек, қайла түспеген, жаны адал, адамгершілігі мол еңбек адамдары – орыс, қазақ жұмыскерлері мен қазақ кедейлері, жаршылары да бар.

Романда қазақ өмірінің сол кездегі тарихы да, әлеуметтік тұрғысы да, пәлсәпелік ойы да, этика мен эстетикасы да, әдет-ғұрып, салт-санасы да – үлкен суреткердің көркем ой елегінен ғтіп, бейнелі көрініс тапқан.

Жазушы романда кесек те сол образдар, типтік характер жасаған. Романдағы кейіпкерлердің барлығы жазушының эстетикалық мұратын ашуға қызмет етеді.

Романның бүкіл сюжеттік жемісі Игілік образына байланысты ғрбиді. Сан алуан оқиғалар, тікелей де, жанамалай да сол Игілікке кеп тіреліп жатады.

Ал жазушы сол Игілік образын қалай сомдағанҰ

Жазушы: *«Игілік би паң да, тәкіппар да емес. Дауысын көтере сөйлгенін, бір адамға суық жүз көрсетіп, қабақ шытқанын ешкім көрген де, естіген де емес. Ала көзін бір тәңкеріп, қалың қабағын бір түйіп қалса, бұл маңайдағы елдер басына қара жамылғандай болар еді... Бұйырғаны ғтінгендей ғана, кесім айтқаны – бітім айтқандай ғана»*,-деп мінездейді. Ал Игіліктің осы мінезін жазушы тек айтып қоймайды, іс-әрекет үстінде көрсетеді.

Игілік тәңірі – ақша. Оның діні – ақша. Ар да, иман да Игілік үшін сол . Ақша – дүние үшін Игілік еш нәрседен жиренбейді. «Жұтқысы келсе» күндіз демей, түн демей жұтады да қояды. Жұтқысы келсе, ол мынау жақын мынау алыс демейді, қылқып салады. Ол өзінің туған әкесінен қалған мал-мүлкін немденіп алады. Сол Сейіт Назыкешті алып қашып, пана іздеп келгенде, Игіліктер маңына да жолатпады. Жазушы Сейітті, оған байланысты оқиғаны шығарма арқауына енгізгенде, тек Игіліктің жалмауыз, жауыздығын көрсету үшін ғана емес, оқиғаны әрі қарай сабақтау үшін, Игіліктер, Жұмандар, Ушаковтар, Рязановтар билеп-түстеген заман тепкісінен жапа шеккен халықтың жақсы арман жолындағы қуат-қанаты, үміті жаңа ұрпағын көрсету мақсатымен алған.

Игілік оқшау тұрған жан емес, айналасы бар. Оның образы тек солармен салыстыра, байланыстыра алғанда бар бітімімен, бүкіл тыныс-тіршілігімен көрінеді.

Игілік Жұмансыз толыққанды бейне боп шықпақ емес. Екеуі бір орта адамы. Бір заманда туған, оның үстіне әрі туыс. Екеуі де мыңды айдаған бай. Екеуінде де қарабайлық, дүние қоңыздық, жалмауыздық бар. Екеуі де еңбек адамын езеді, малын бақтырады, шәбін шаптырады, малайы етіп құлдығына салады. Бұл жағынан келгенде екеуі бір-біріне ұқсас, екеуі де – озбырлар ғкілі. Ал бірақ Игілік Жұман емес. Жұман Игілік емес.

Жұман - Қарабайдың тірі көзі. Қарабай Жұманға таяғын ұстатып кеткендей, екеуі де «мал-мал» деп дүниеге келген де, «мал-мал» деп дүниеден ғткен. Олардың бүкіл тіршілігінің мазмұны сол ғана. Жазушы Жұман образын шығарма арқауына енгізу арқылы қазақ даласындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге орайласқан, соған үйлесіп дүние-байлық табудың ғасырлық амалынан жаңа амалына көшкен, «жаңа көзін

тапқан» Игілік бейнесін барынша аша алған. Ол – Жұмандай «көрінген кғдені» қызғанып, қомағайланып кесек асаймын деп қақалып жүрген, ескіліктен аса алмаған топас-дғкір жан емес.

Ал Игілік ақшаға, есепке құныққан. Ушаков, Рязановтан үйреніп, тағлым алған. Орыс капиталистері мен әкіміне орайласқан.

Игілік тіршілігі – есепшотта. *«Игілік үнсіз ойланып, есепшотына жүз пар ггізінің жиырма бес пұттан екі жарым мың пұт көмір әкететінін жазды... Пұты алты тиыннан. Жүз елу сом... Нілді мен ақбұйраттың арасында жүз түйе жүр... Онымыз айына төрт оралады... Пұты он тиыннан... бір жолғысы екі жүз сом.*

Жоқ, Ушаков алдамапты... Айына екі мыңнан түсіресің деп еді, есепшот да соны айтып, жаңылыспай тұр...» Игілікше ақша-тамыр-таныстықты, дос-жаран, ағайындықты білмейді. Ақша жүрген жерде ар, адамшылық жүрмейді. Жазушы осыны тамаша айтып берген: *«Екі адамның қалтасындағы жүрген ақша өмірде салғыласпай кездескен емес. Бір қалтада тұрғанда ғана ақша мен ақшаның арасында дауы жоқ».*

Ғабит Мүсірепов капиталистик дүниедегі осы бір ақиқатты қарапайым ұғыммен қалай терең білдірген.

Игілік образы Ушаков, Рязановтарсыз толық көрінбек емес. Өйткені қазақ даласында көрінген капиталистик қарым-қатынастарды алып келушілер – солар. Олар – Ресей капиталистерінің ғкілі. Солармен бірге қазақ даласына ғндіріс орнады, сауда-саттық, базар пайда болды, кғк пәуескерлер, аспалы шамды сәнді үйлер келді. Соларға байланысты қазақтың ішінен Игіліктер шықты.

Жазушы Ушаков бейнесін шебер сомдаған. Оны қазақ даласын көптен бері кезіп жүрген «кғкжал бғріге» теңейді. Ушаков *«ертеңгі күндерді,*

келер жылдарды ойлап, тыным таппайды», аш қасқырдай қазақ сахарасын шарлап жүр. Маза таппайды. Ақбұйрат, Нілді, Қарағанды байлықтарына ие болу ниетінде жүреді. Түсінде де, ғңінде де сол байлықты көреді. Жазушы сол ғңірдің барлық байлығын түгел жалмап қойғысы келген қомағай аш көз капиталист бейнесін жасаған. Ол сол байлықты ешкімге қимайды. Сол үшін ол өзі сияқты жалмауыз Рязановты да, Поповты да иттің етіндей жек көреді. Ушаковта баюдан басқа арман жоқ.

Ғабит Мүсірепов – асқан сезімтал жазушы. Ол жеке меншік иелерінің психологиясын беруде тамаша шеберлік танытады. Оған мысал келтіретін болсам: Ушаков Ақбұйрат заводында қорытылған «күйіңкіреп піскен қара нан сияқты мыс кірпіштерді» Қызылжарға түйелі кіремен әкетіп бара жатқан көрініске көңілдене, қызыға қарайды, «жиырма жылдық азабының» жемісіне ризалықпен қарайды. Жазушы сол сәттегі Ушаков көңіл күйін былай береді: *«Жиырма жылдан бері тынным таппаған, шаршай білмеген адам ақша боп оралатын кіреге, үлкен жез қоңыраулардың балдырғанына ән тыңдағандай елтіп қалыпты... Қандай жақсы көрініс. Қандай жақсы күйӘ.. Тас еді, шаң еді, енді міне, мыс болып жүріп кете, күміс болып кейін оралады».*

Ғабит Мүсірепов адамның ішкі жан дүниесінің қатпар-қатпар бүкпе сырларына үңіле білер, суреттей білер жазушы екеніне тағы бір мысал ретінде мына көріністі алдым. Ушаков Тұрсынбай қудың *«бет-аузын түгел қыдырып ажым-ажарларының арасынан опасыздық белгілерін іздейді».*

Тұрсынбай *«Алтынды қырқасына Попов қазық қағып кеткенін»* хабарлағанда, Ушаков бір нәрсені секем ала қалады. *«Осы опасыздық жасап жүр-ау»* деген күдік басына ойнап шыға келеді. Ол енді сол күдігін жүзінен іздейді. *«Ақыры тапқан да сияқты: оң көздің астыңғы қабығы бүлкілдей бастапты... Енді екі зәрлі жылан арбасып қалғандай, көздерін қадасып*

алып, бедірейсіп қатып қалады. Тұрсынбайдың зңі сұрланып, көздері жыланның тіліндей ғана жылт-жылт еткен ұшқын шашады. Ушаковтың кәкшіл көзі мұзға айналып бара жатқандай. Әрине, айыпты адамның көзі бұрын қағылып кете. Тұрсынбайдың көзі әлгі ұшқыны ғшкендей қайтадан ілгіштеңе қалды».

Жазушы екеуінің арбасу үстіндегі жан құбылыстарын айнытпай суреттейді.

Ғабит Мүсірепов адам психологиясын берудегі шеберлігін Сандыбай бейнесін мүсіндеу үстінде тамаша көрсете білген.

Сандыбай – шебер. Он саусағынан өнер тамады. Шеберлігімен елге танылған.

Жазушы әртүрлі ситуация үстіндегі Сандыбай мінезінің әр қырын көрсетеді.

Сандыбай – ақ адам, аңқау адам. Игіліктің ішкі арам пиғылын аңғармайды, оның айтқанын шын деп ұғады. Игіліктің ақ үйін салып береді.

Байжан – «Оянған өлке» романындағы ерекше сомдалған бейне. Жазушы оны сүйсіне көрсеткен. Оның әзіл-қалжыңын жазушы әдемі берген. «Әдеп пен әдетке сыймайтын мінездерімен» ол Байжан жынды атанған.

Байжан адал, адамгершілігі мол жан. Жазушы Байжан арқылы сол замандағы көркәкірек адамдардың талай сұмдығын әшкерелейді, ажуалайды, мысқылдайды.

Жазушы жасаған еңбек адамдарының ішінде өзіндік мінезімен, ерекшелігімен көрінген образ – Баянды образы. Жазушы оны «Бір тоға адам» дейді. Осының өзінде Баяндының қандай адам екендігі көрініп қалады. Ол – бір беткей. Онда жалбақтау, жағыну жоқ. ол Сандыбайдай Игіліктің «жаялары жастықтай, құйрықжалы жібектей тәгілген, құлаш мойын, қамыс

құлақ» жылқыларынан дәмелі болып, буалдыр қиялдан үміт күтпейді, ол сияқты жалтақ емес, ешкімге жағынбайды. Тек еңбегіне сүйенеді.

Жабайға Баянды: *«Неше жылдан бері жапа-жалғыз отырған ұста ауылдың бос салпағынан алыстап, керексіз мінезден айрылған жаңа адам»* сияқты көрінді. Оның *«сөзі де, мінезі де ауыл қазағынан басқа, ширақ, тіктеу»*. Ол айтқанына берік. Жабайды ұсталыққа алмақ боп, оның біраз күн жездем қасында болайын дегеніне келіскен Баянды: *«Тек уәде орнында болсынӘ»* дейді. Мұнанда оның сөзге беріктікті қалайтынын көреміз.

Жабайға жасаған жақсылығынан да оның адамгершілік мінезін танимыз.

Ғабит Мүсірепов Көпей бәйбішенің бойындағы жақсы қасиеттеріне сүйсінеді, ол жас та келбетті, ақылды да парасатты. Елге де, ағайынға да сыйлы. Оның сол қасиеттерін жазушы әртүрлі жолмен әр жерде көрсетіп берген. Бірде жазушы оны өзі сипаттап өтеді. *«Толық денелі болса да, әлі жас әйел, Ігіліктің күтіп тұрғанын көрсе де, асықпай баяу басып келеді.*

Жаулықты биік салынатын, сәнді киінетін Көпей жұртқа өзінің ажарымен де, естілігімен де, тазалығымен де ұнайтын еді. Елден ерек жаңа бір леппен тасып бара жатқан дәулеттің ішінде желе-жортып дамыл таппайтын Айганиша бір басқа да, азабынан басқасын көрмей, сол дәулеттің бары-жоғын ұмытып кеткендей, араласуын қойған Көпей бір басқа. Итаршысы көп, татымы жоқ, тұяқ санаған бос өмірден көңілі суызған, қызығары қалмаған Көпей, мырзалық-сараңдықты да сән көрмей, алыс жақынға бірдей қарайтын. Жұманды жұрт ұната алмайтын да, Көпейді қия алмайтын».

Жазушы *«асықпай баяу басып келеді»* деген жолдар арқылы Көпейдің байсалды, сабыр иесі адам екенін аңғартқан. Жоғарғы суреттеуде Көпей

келбетімен де, киім киісімен де, тазалық-пәктігімен де оқушы ықыласын аударады. Оның үстіне жазушы оны *«қысыр жыландай жүйіткіген сылаң тоқал»*, ерке тоқал, ең дәулет ішінде малынып ғскен *«бар мінезі байының ыңғайынан шығып отыратын»* ерімен қатар отыра алатын, оған еркелігін ғткізе алатын, *«кергіп-керіліп»* отыра да алатын, *«әр кезде желе жортып жүретін»* Айғаншаға салыстырады. Осы салыстыру арқылы да Көпей бәйбішенің бойындағы жақсы қасиетті аша түседі.

Көпей – әлсіз, ауқатсыз жерден шыққан. Жұманға зорлықпен, еріксіз келген. Көпей бұл үйден де дәулет қызығын, не жұбайлық жақсылығын көрген емес. Естігені ызақор, долы, топас шалдың шаңқылдақ бір айқайы мен баж-бажы, *«әкеңнің көрін»* деген боқтауы, дғкір шалдың тепкісі мен камшысы. Сондықтан Көпей дәулеттің тек азабын ғана көрді, оның *«тұяқ санаған өмірден»* көңілі суыды.

Көргені Жұман тәрбиесі, көңілдегісі мал болған көр-балалар ең аяғында еншісіз-дәнеңесіз өгей шешелері Көпейді қуып шықты. Ақыры үлкен ұятқа ұшырап, елге жоламай, бекетке қонып, түнделетіп жүріп, төркініне кетеді.

Г. Мүсірепов – ақын. Ол прозада поэзия тілімен сөйлейді. Қазақ прозасында бұл жағынан келгенде Ғабит Мүсірепов – үлгілі жазушылардың бірі. Оның жаны – ақын. Сондықтан да ол жасаған сөз образдары ірі де терең. Мен *«Оянған өлке»* романын талдау арқылы көркем шығармаға, әсіресе, кғлемді прозалық шығармаға талдау үлгісін көрсетпек болдым. Сондағы әрбір эпизод, деталь, штрихтардың, әр сөз образының эстетикалық мәнін, олардың қызметін, көркемдік ой-компоненттердің шығарманың идеясын ашудағы мән-мазмұнын көрсетпек болдым. *«Оянған өлке»* романы кғлемді шығарма.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркем шығарманың айшықтарын таныту, оны жан-жақты қарастыру мәселесі кәсіпшімізде жүргенімен, оған басқа мәселелерге қарағанда ат салысу бакалавр мамандығын алатын бітіруші үшін күрделі мәселені туғызады. Дегенмен, бұл саладағы көрнекі ғалымдардың, әдіскер-ұстаздардың еңбектері нар тәуекел жасауымызда түрткі болды.

Бакалавриат бағытын бітіруші ретінде теориялық мәселелерге ден қоюы болашақ маманды ұштай түсетіндігі белгілі.

Осы тақырып айналасында қозғалған ой-пікір, әрине, ұшан-теңіз емес. Сонда да көрсетілген әдебиеттердегі ұстанымдарды меңгеруге ұмтылдым. Әдеби шығармалар жанрлық жағынан бір-бірімен өзгешеленіп те ұқсас болып та келеді. Соның үшін алдымен, осы мәселеге орай кейбір ғалым, әдіскер-ұстаздардың пікірлерін келтірдім. Поэзиялық шығармаларды талдау жөнінде белгілі ғалым, әдіскер-ұстаз Тілеутай Ақшолақов еңбегін негізге алдым.

Абай Құнанбаев, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Ілияс Жансүгіровтің поэзиялық шығармаларындағы ықпал, әсер туралы өзім де кейбір түсініктерге иемін. Ол жөнінде біраз әдеби-монографиялық зерттеулерде оқығанмын. Жұмыс барысында осы жәйттерді сөз етуде менің бұрынғы арттырған тәжірибеме сынақ-сабақтарымның да кәмегі тиді.

Қасым Аманжолов поэзияны сөз ету – ерендік. Ғылыми сараптама жасаған құнды еңбектерден кішігірім түйгенгендерімді тізбектедім.

Көркем әдебиеттің құндылығы, оның өрнектері туралы бір ауыз сөзбен қорытынды шығарылып, соңғы сөз айтылмайды. Олай дегеніміз енді өмір, шығармашылық басқыштарын басып тұрған біз, бітірушілер үшін үлкен сын.

Осы орайда мен мектепте ғткен сабақтарымда прозалық шығармаларды ғту оңайырақ екенін түсіндім. Себебі, оның сюжеті, кейіпкерлері, бағыт-бағдары теп-тегіс кітапта бар. Біздің міндетіміз, ұстаздар айтқан бағыт-бағдарды, яғни көркем мәтінді талдауды мақсатқа сай орындау.

Жұмысымыздың өзекті мәселесі болған көркемдік айшықтар прозалық шығармаларда қандай орын алатындығын олардың эстетикалық мәні-мағынасын ұлы жазушы М. Әуезовтің, сөз зергері Г.Мүсіреповтің, Г. Мұстафиннің прозалық шығармалары арқылы көрсетуге ұмтылдым. Ірілі-ұсақты прозада психологиялық параллелизм, табиғат мәселесі, кейіпкерлер жүйесі, ең соңында әрбір кейіпкер бейнесін жасаудағы жазушы шеберлігі мәселеріне көңіл аудардық.

Қорыта келгенде, алғашқы адым тым қиын. Бұрын апталық қорытынды жұмыстарынан дайындықпен ғтіп жүрген студентке «Бітірушінің мамандық жұмысын» жазу, әрине, толғанарлықтай. Десе де тақырыпқа байланысты әдебиеттер ұсынылғаннан соң жазуға кірістім.

Жұмысымызда ғылыми сараптама жасап жаңалық аштық демейміз. Іздену барысында мектепте әдебиет пәнін ғтуде осы мәселенің басын ашатындай дәрежеге жеттік.

ПАЙДАЛАНГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту, Алматы, ә99ң
2. Қабдолов З. Сөз өнері, Алматы, ғ00қ
3. Бітібаева Қ.Әдебиетті оқыту әдістемесі, Алматы, ә99ұ
4. Қалдыбаев Т.Әдебиет сабақтарында тіл ұстарту, Ташкент,ә999
5. Садырбаев С. Фольклор және эстетика, Алматы, ә9ұ9
6. Сманов Б. С. Мұқановтың «Ботагөз» романын оқыту, Алматы, ғ000
7. Ақшолақов Т.Әдебиет оқулығына әдістемелік нұсқау, Алматы, ә99ұ
8. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау, Алматы, ә990
9. Бітібаева Қ.Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары, Алматы, ә990
- 10.Құрманбаева Г., Дүйсебаев С.Әдебиет сабақтарының үлгілері, Алматы, ә999
- 11.А. Құнанбаев. Шығармалар жинағы, I том, Алматы, ә99ғ
- 12.Әуезов М. «Абай», «Абай жолы» романдары, Алматы, ә99ғ
- 13.Бейімбет Майлин. Шығармалар жинағы, III том
- 14.Абай ғылымы. Құрастырған Н. Габдуллин, Алматы, Жазушы, ә98ү, нқғ бет.
- 15.Аристотель. Об искусстве поэзии, Москва, ә9ғұ, ст. ә8қ.
- 16.М. Ажымов. Қазақ романдарының поэтикасы, Алматы, Ғылым, ә9ұғ.
- 17.А. Байтұрсынов. Шығармалары, Алматы, Жазушы, ә989, әәұ бет.
- 18.Бес орыс естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар, Алматы, ә99ғ, ғңә бет.
- 19.Л. Ганзбург. О психологической прозе, Ленинград, ә9ұұ, ст. ң8ғ.
- 20.Ж. Дәдебаев. Өмір шындығы және көркемдік шешім, Алматы, Ғылым, ә99ә, ғ08 бет.

- 21.Ш. Елеукенов. Мағжан өмірі мен шығармашылығы, Алматы, Рауан, ә99ғ, к8ң бет.
- 22.Б. Кенжебаев. Әдебиет белестері, Алматы, Жазушы, ә98ү, ң00 бет.
- 23.В. В. Кожин. Происхождение романа, Москва, Советской писатель, ә9үк, ст. ңк9.
- 24.С. Қарабаев. Жүсіпбек Аймауытов өмірі мен шығармашылығы, Алматы, Ана тілі, ә99қ, ғғү бет.
- 25.М. Қозыбаев. Ақтандықтар ақиқаты, Алматы, Қазақ университеті, ә99ғ, ғұғ бет..
- 26.Е. Лизунова. Мастерство Мухтара Ауэзова, Алматы, Жазушы, ә9ү8, ст. ғ8ү.
- 27.Г. Піралиев. Ішкі монолог, Алматы, Ер-Дәулет, Қазақстан, ә99ң, әк8 бет.
- 28.Проблема психологизма. Художественной литературе, Томск, Издательство университета, ә98ә.
- 29.Проблема человека в современной философии, Москва, Наука, ә9ү9.

МАЗМҰНЫ

Автор аннотациясы.....	Ғ-ң
Жоспар.....	Ғ
К І Р І С П Е.....	Ү-әғ
Негізгі бөлім	
А) Поэзиялық шығармаларды талдау	
ә. Абай өлеңдерінің көркемдік кестелері.....	әқ-ғ8
ғ. Бейімбет Майлиннің «Марқымбай» өлеңдеріндегі	

диалог.....	ғ9 -қғ
қ. Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы троп	
пен фигуралар.....	ққ-қ9
Б) Прозалық шығармаларды талдау	
ә. Бейімбет Майлин – көркемдік детальды қолданудың	
асқан шебері.....	ң0-ңұ.
Мұхтар Әуезов прозалық шығармаларының тіл	
ерекшелігі.....	ң8-ғұ
қ. Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы кейіпкерлердің сомдалу	
ерекшелігі.....	ғұ-үғ
Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы.....	ҮҮ-ҮҮ
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	ү8-ү9

Әжінияз атындағы НМПИ-ы филология факультеті w00ұ/w008 оқу жылы қазақ тілі және әдебиеті мамандығын бітіруші Оспанова Майраның «Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту » атты бітіру мамандық жұмысына

О П П О Н Е Н Т П І К І Р І

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының бітірушісі Оспанова Майраның «Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту »атты бітіру мамандық жұмысы қазіргі күнде әдебиетті оқытуға қойылып отырған жаңа талаптар оқушыларды интеллектуалды жастар қатарына қосуды мақсат етіп отырғаны белгілі.Бүгінгі күнге дейін де мектепте әдебиетті оқытудың жүгі жеңіл болған емес. Мектепте оқушылардың ауызша сөйлеу тілін дамыту,

жазбаша тіл ұстарту, көркем шығарманың мазмұнын ұғынумен бірге шығарманың көркемдік ерекшеліктерін тану мәселесі жұмыстың кәсіптік болған.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті бакалавриат бағытын бітіруші ретінде теориялық мәселелерге ден қою. Ақын-жазушылар шығармашылығының көркемдік әлемін танытудағы пікірлері мен тұжырымдарын, мектепте шығарманың көркемдігін ұғындыру мәселелері бакалавриат басқышында бітірушінің бітіру жұмысы үшін жазылған еңбегінің мақсаты болған. Жұмыс екі бөлімнен тұрып, аты аталған ақын– жазушылардың кейбір шығармаларындағы көркем айшықтарды танытуда бітіруші көп ізденіп, еңбектенген.

Жалпы, бітіруші Оспанова Майраның «Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту » атты бітіру мамандық жұмысы қазіргі күндегі оқытудың сапасын арттыруға тигізер әсері мен пайдасы өте көп. Жұмыс талап дәрежесіне сай жазылған және жақсы деп бағалауға болады.

О п п о н е н т :

ф. ғ. к. Қазақбаев.С

Әжінияз атындағы НМПИ-ы филология факультеті w00ұ/w008 оқу жылы қазақ тілі және әдебиеті мамандығын бітіруші Оспанова Майраның «Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту » атты бітіру мамандық жұмысына

П І К І Р

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының бітірушісі Оспанова Майраның «Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту » атты бітіру мамандық жұмысы көркем шығарманың айшықтарын таныту, оны жан-жақты қарастыру мәселесі, оған басқа мәселелерге қарағанда ат салысу бакалавр мамандығын алатын бітіруші үшін күрделі мәселені туғызған. Сондықтан, бұл саладағы көрнекі ғалымдардың, әдіскер-ұстаздардың еңбектері жұмыс жасауға түрткі болған. Шығарманың көркем айшықтарын талдай отырып, салыстыру әдісінен пайдаланған.

Бұл салада А.Көшімбаевтің, Қ.Бітібаеваның, Қ.Мырзағалиевтердің көркем шығарманы талдау жөнінде ұтымды айтқан пікірлерін негізге алған. Әдіскер ұстаз, ғалым Т.Ақшолақов осы саланы қарастырғандардың бірі. Шығарманы талдау, оның айшықтарын таныту жөніндегі соңғы әдістемелік

құралы «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» еңбегінен мол пайдаланған.

Жұмыстың өзекті мәселесі болған көркемдік айшықтар прозалық шығармаларда қандай орын алатындығын олардың эстетикалық мәні-мағынасын ұлы жазушы М. Әуезовтің, сөз зергері Г.Мүсіреповтің, Г. Мұстафиннің прозалық шығармалары арқылы көрсетуге ұмтылған. Ірілі-ұсақты прозада психологиялық параллелизм, табиғат мәселесі, кейіпкерлер жүйесі, ең соңында әрбір кейіпкер бейнесін жасаудағы жазушы шеберлігі мәселеріне көңіл аударылған. Іздену барысында мектепте әдебиет пәнін оқитұда осы мәселенің басын ашатындай дәрежеге жеткен.

Қорыта айтқанда, бітірушісі Оспанова Майраның «Мектепте шығарманың көркем айшықтарын таныту » атты бітіру мамандық жұмысы талап дәрежесінде жазылған болып, бітіру мамандық жұмысын қорғауға жіберуге болады.

Ғылыми жетекші :

**ф. ғ. к .Қ Аралбаев
Т.Төрткүлбаева**

Әжінияз атындағы НМПИ-ы филология факультеті 2007/2008 оқу жылы
қазақ тілі және әдебиеті мамандығын бітіруші Ережепова Лаураның
«Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдарының
психологиялық ерекшеліктері » атты бітіру мамандық жұмысына

О П П О Н Е Н Т П І К І Р І

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының бітірушісі Ережепова
Лаураның «Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдарының
психологиялық ерекшеліктері» атты бітіру мамандық жұмысы Жүсіпбек
Аймауытов шығармаларының қазақ әдебиетінен алар орнын, маңызын,
өзіндік сипатын анықтауды келтіретін мәселелердің бірі етіп алған.

Жүсіпбек Аймауытов психологиялық анализ арқылы қазақ
әдебиетінде өзіне дейін ешкім бармаған адам жанының терең қойнауына
бойлады. Сондықтан бұл бітіру мамандық жұмысының мақсаты – Жүсіпбек
Аймауытов қазақ әдебиетінде адамның психологиясын суреттеуде оның
сезімдері мен ойларын бейнелеуді тұңғыш бастаған жазушылардың бірі
екендігін «Қартқожа» және «Ақбілек» романдарын талдау арқылы көрсетуді
мақсат еткен.

Қазақ прозасы ішінде Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығының
дербестігі адамның ішкі әлемін суреттеуге өзіндік принциптерін әкелді,
әдебиеттану ғылымына соны, жаңаша ұғым әкелді. Мұндай жұмыс дәуір
арқылы өрнегін тапқан.

Жалпы, бітіруші Ережепова Лаураның «Жүсіпбек Аймауытовтың
«Ақбілек», «Қартқожа» романдарының психологиялық ерекшеліктері» атты

бітіру мамандық жұмысы қазіргі күндегі әдебиетті талдауға тигізер әсері мен пайдасы мол. Жұмыс талап дәрежесіне сай жазылған және жақсы деп бағалауға болады.

О п п о н е н т :

ф. ғ. к. Қазақбаев.С

Әжінияз атындағы НМПИ-ы филология факультеті w00ұ/w008 оқу жылы қазақ тілі және әдебиеті мамандығын бітіруші Ережепова Лаураның «Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдарының психологиялық ерекшеліктері» атты бітіру мамандық жұмысына

П І К І Р

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының бітірушісі Ережепова Лаураның «Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдарының психологиялық ерекшеліктері» атты бітіру мамандық жұмысы көркем әдебиеттегі тұлға мәселесін зерттеген С.Г.Бочаров, С.Е.Шаталов, В.Н.Белопольский тағы басқа ғалымдардың пікірлерін қолдай отырып, бітіруші Жүсіпбек Аймауытов романдарындағы адам тұлғасы жайлы ұғымдардың түсінігін өзі жасаған бейнелер арқылы көрсете білген.

Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалары мен оның жалпы творчествосы туралы пікірлердің жарық көруін екі кезеңге бөліп қарастырған. Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығына жалпы шолу жасайтын мақалалар мен сын-зерттеулерден пайдаланған. Жазушы мұрасын объективті жүйелі түрде ғылыми зерттеу әдісі, поэтикасы, стилінің өзіндік ерекшеліктеріне арналған еңбектер әлі де жеткіліксіз. Сондықтан соңғы жылдары да тақырыпқа жақын зерттеу – жазба жұмыстың мол болғаны дұрыс деп білген. Зерттеу жаңалығы терең психологизмінің арқасында адам тұлғасы қазақ әдебиетінде мүлде жаңа сипатқа ие болған.

Қорыта айтқанда, бітірушісі Ережепова Лаураның «Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдарының психологиялық ерекшеліктері» атты бітіру мамандық жұмысы талап дәрежесінде жазылған болып, жұмысты қорғауға жіберуге болады.

Ғылыми жетекші:

ф. ғ. д .К.Алламбергенов

Т.Төрткүлбаева

